

Шағын және орта бизнес -
ел дамуының драйвері



2-БЕТ

Лудоманиядан
келетін зиян көп



3-БЕТ

Роза ЖОТАБАЕВА,
«Сөз маржан» үйірмесінің жетекшісі:

«Баланың қабілетін
аша білу - бақыт»



8-БЕТ



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

✉ zangazet@mail.ru

№48 (3677)
28 маусым 2024



ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТ БАСПАСӨЗІ МЕН ҰЛТ МҮДДЕСІ ӨЗЕКТЕС



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ саласы қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, үздіктерді марапаттады. «Ең алдымен, баршаңызды Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Журналист – мәртебелі мамандық. Ол – ақиқат сөздің, өткір ой мен шынайы пікірдің және әділ істің жақтаушысы. Сондықтан біз медиа саласының мамандарына әрдайым зор құрметпен қараймыз. Түптеп келгенде,

мемлекет те, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені, ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес», – деді Мемлекет басшысы.

«Зан» медиа-корпорациясы» ЖШС ұжымы да барша әріптестерді кәсіби мерекемен құттықтайды. Мемлекет мүддесі үшін жасап жатқан еңбектеріңіз ел игілігіне жарасын, құрметті журналистер!

Шолпан МАЛИКОВА,
Нархоз университетінің
Құқық және мемлекеттік
басқару мектебінің профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты:

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫНА ЛИЦЕНЗИЯ БЕРІЛМЕЙДІ

– Бүгінде адамдардың қаржылық сауаттылық деңгейі өсті десек те, бар жиган-тергенін қаржы пирамидаларына салатындардың саны азаймай отыр. Жалпы адамдар неге алдана береді?

– Қаржы пирамидасы – бұл активтерді қайта бөлу және басқалардың жарналары арқылы кейбір қатысушыларды байыту жолымен жаңа салымшыларды тарту тәсілі. Қазіргі заманғы қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар өздерінің алаяқтық схемаларын әртүрлі тәсілдермен жасырады, бірақ олардың барлығы бір қағида бойынша жұмыс істейді – ақша оларға жаңа қатысушыларды тарту арқылы келеді. Адамдар мен ақша ағыны тоқтаған кезде пирамида құлайды. Ал адамдардың қаржы пирамидаларына алданып қалуларының екі себебі бар. Бірі – жеңіл ақшаға құмарту, екіншісі – қаржылық сауаттылықтың жоқтығы.

Мысалы, соңғы уақытта адамдар қызмет көрсететін немесе нотконинға нақты тауарларды сатып алатын жағдайлар жиі кездеседі (бұл ешқандай құндылығы жоқ монета). Сосын жеңіл әрі тез баюды ойлап, бірден банктерден ірі көлемде несиесі рәсімдеп немесе қолдағы қаражатын қаржы пирамидаларына салып жатады. Мұның бәрі халықтың қаржылай сауаттылығы әлі де төмен екенін көрсетеді.

– Қаржы пирамидасының «пирамида» екенін қалай білуге болады? Олар қалай жұмыс істейді?

– Қаржы пирамидалары (немесе инвестициялық пирамидалар) қоғамда жаңа пайда болған құбылыс емес, олар XX ғасырдың басындағы Понци схемасынан бастап ғасырлар бойы әртүрлі нысанда дамып отырды. Қаржы пирамидалары бұл қазіргі таңда қоғамда кең таралған алаяқтықтың бір түрі. Қаржы пирамидалары заңсыз инвестициялық жүйе деп қарастырылады. Себебі, бұл жүйеде жаңа инвесторларды тарту есебінен салымшылардың табысын арттыру әдісі қолданылады.

(Соңы 3-бетте)

• АҚ ПЕН ҚАРА

ЛАЙЫҚТЫ ЖӘНЕ ЛАЙЫҚСЫЗ: «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚИСЫНСЫЗ ҮНЕМДЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев көктемде бюджет қаражатын үнемдеуді, оны ең қажетті жобаларды ғана жүзеге асыруға және ең өзекті проблемаларды шешуге бағыттауды тапсырды. Алайда кейбір компаниялар мұндай өкімді әрқилы қабылдайтындай. Бұл жерде, әсіресе, еліміздің мұнай-газ секторы ерекшеленіп отыр. Оған жарқын мысал іздеп алысқа барудың қажеті жоқ. Мұнай саласындағы стратегиялық және тактикалық «қарқынды» іс елдің көз алдында. Бәлкім, Атырау облысында шиеленіс ошағының жиі пайда болуы содан шығар...

Мәселенің аражігін ажыратып алайық. Бұған дейін «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай-газ объектілерінде тұрмыстық қызмет көрсету саласында жұмыс істеген жүзден астам адам жұмыссыз қалды. Олар жұмыс беруші-мердігермен бір жылдан астам мерзімге шарт жасасқан еді. Бәрі заң талабына сәйкес. Жергілікті халық жұмыспен қамтамасыз етіліп, іс тиянақты жасалған. Өйткені кешен 2021 жылдан бастап бір мердігердің қарамағында болғандықтан, қызметкерлері де, атқарылатын жұмыс та бірегей ұйымдастырылып, соның нәтижесінде сапа ғана емес, қаражат та үнемделген. Жағдайдың күрт өзгеруіне «Ембімұнайгаз» компаниясының жаңа тендер өткізуі себеп болған. Әлгі кешенді бір қызмет түрі бірнеше лотқа бөлініп, талан-таражға салынған.

Негізі бұған дейін қол қойылған ұзақ мерзімді

келісімшартта көрсеткіш орындалып, жақсы нәтижеге қол жеткізілсе, оның қолданылу мерзімі аяқталса да, «Ембімұнайгаз» тарапынан әрі қарай жалғастыру мүмкіндігі қаралған болатын. Яғни, тиімді жұмыс істелсе, ынтымақтастықты одан әрі ұзарту үшін мердігердің қызметіне талдау жүргізу міндеттелген. Алайда «Ембімұнайгаз» осы шартты орындамай, ешқандай қорытынды шығармай, жобаны жүзеге асырудан түскен үнемді есептемей, тендерді бірнеше лотқа бөліп жіберген.

Осыған орай аталған мәселе бойынша Атырау облысы соттарының ісі көбейді. Мердігер Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында тендер қорытындысына қатысты әділдікті іздеп жатыр. Сот талқылауына шолу жасасақ, «Ембімұнайгаз» компаниясы тарапынан «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының

Сатып алу қызметін басқару стандартының нормаларына сілтеме жасай отырып, бірқатар компанияларды «сенімді емес» әлеуетті өнім беруші деп тану туралы талап қою кен етек алған. Тек 2023 жылдың өзінде «Ембімұнайгаз» АҚ конкурсы нәтижелері бойынша AZARA, STEP, N&KAarchitects және т.б. (Атырау облысы бойынша сот кеңсесінің мәліметі бойынша) сынды бірнеше жеңімпазды шығартып тастаған. Әрине, «Ембімұнайгаз» әрбір тапсырыс берушіні терең зерттеп, заң бөлімі бүкіл құжатының әрбір тармағына мән беріп, сатып алу рәсімінің құжаттамасына мұқият қарайды. Дегенмен бұл біржақты екенін нақты талдама көрсетіп отыр. Бұдан ыңғайлысының құжатын атүсті қарап, ыңғайсызының құжатын «мұқият» зерттеу тәсіліне баруы мүмкін шығар деген заңды күдік ұялайды.

Неге дейсіз ғой. Әр сөзіміздің астары бар. Мысалы, тілге тиек етіп отырған тендерлер мәселесін зерттеудің өзі тым қызықты болып шықты. Қазақстан Республикасы сот органының электрондық сервисінің ашық дереккөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «сенімсіз» өнім берушілермен соттасуы туралы деректер бар. Кейде талап қою мерзімін сақтамада да, ондай істер жетіп артылады. Мәселен, «Ембімұнайгаз» АҚ былтырғы

мамырда «N&K Architects» ЖШС № 811912 «Қарсақ кен орнында 100 орындық асхана құрылысы» тендері бойынша өнім берушісіне шағым түсіріп, оны жеңіп алған. Сатып алынатын жұмыстың біртекті нарығында тәжірибесін растау үшін тендерлік өтінімде жалған мәліметтің табылуы негіз болды делінген.

Бірнеше айдан кейін компания жалпы құны 4 млрд теңгеден асатын жатақхана мен әкімшілік ғимараттарды күтіп ұстау және қызмет көрсету бойынша қызметті атқарушы ретінде «Мейірәлі» ЖШС-н айқындаған. Ал ендігі қызықты қараңыз. «Самұрық-Қазына» порталының ашық дереккөзінен ЖШС «Ембімұнайгаз» АҚ-мен 2023 жылдың 26 сәуірінде қол қойған құжатта негізгі қызмет түрі 2024 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсан аралығында орындалуы тиіс делінген. Ал әлгі қызмет көрсетуші «Мейірәлі» өз міндеттемесін 2024 жылдың мамыр айында ғана орындай бастаған. Әлбетте, мұндайда «егер қызмет көрсету мамырда басталса, бюджет неге қаңтардан бастап қызмет көрсетіледі деп бөлінген» деген сұрақ туар еді.

Ол ол ма, ұсынылған тендерлік өтінімдегі құжаттардың өзі күмән тудыратындай. Атырау облысы бойынша МӨС сот отырыстарында конкурсқа қатысуға өтінім берілген күні әлгі «Мейірәлі» компаниясының қызметті көрсетуге жеткілікті еңбек ресурстары мен тәжірибесінің жоқтығын растайтын құжаттар ұсынылған. Жалпы, бұл компанияның өзі қаншалықты тәжірибелі? Міне, мұның өзі үлкен сұрақ. Ендеше несіктен таңдау бұл ЖШС-ға түскен?

Ұсынылған нақты дәлелдемелерге бірінші сатыдағы сотта оңтайлы баға берілмеген. Сондықтан күнкөріссіз қалған жұмысшылардың мүддесі үшін күрескен мердігер апелляциялық шағым түсірмекші.

(Соңы 5-бетте)

• ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

ӘДІЛДІК ІЗДЕГЕН ТҰТЫНУШЫЛАРҒА 1 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қоғамның әл-ауқаты мен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін, тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңның болуы және орындалуы маңызды. Тұтынушылар құқығын қорғау негізсіз қаржылық шығындардың алдын алады. Бұл өз кезегінде белгілі бір деңгейде ел экономикасындағы тепе-теңдікті ұстап, нарықта сенім қалыптастырады.

Тұтынушылар құқығын қорғау комитетінің төрағасы Асқар Тынысбеков дерегі бойынша, 2023 жылы осы бағытта 50 мыңнан аса өтініш қаралған. 22 мыңнан аса тұтынушыға құқықтық көмек көрсетілсе, 19 мың тұтынушының арыз-талабы қанағаттандырылған. Бұл, 2022 жылғы деректерге қарағанда, 168 пайызға жоғары.

Комитет жұмысының арқасында өткен жылы тұтынушыларға 1 млрд теңге қайтарылған. Тұтынушылар шағымының басым бөлігі медициналық қызмет, интернет-продайверлік қызмет және туристік қызмет сапасына қатысты түскен. Десе де, шағымдар түрі сан алуан. Сондай оқиғаның бірін астаналық сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаменті баян етті.

Департамент өкілінің мәліметінше, 15 млн теңгеге су жаңа автокөлік сатып алған астаналық тұрғын көлігін жөндетіп әлек болған. Үш ай өтпей беріліс қорабынан ақау шыққан көлік иесі автосалонға жүгініпті. Ал ондағылар көлікті жөндеуге асықпаған. Өз көлігін айлап күткен тұтынушы соңында автосалонға көлік немесе ақшалай айыр-

бас сұрап барған. Сұранысы тағы қанағаттандырылмаған.

Мәселені өз бетінше бейбіт шешу қолынан келмеген соң, тұтынушы Астана қаласының сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаментіне жүгінген. Көлік иесі өз ұшбу хатында сатушының сапасыз көлік үшін көлікті айырбастаудан немесе ақшаны қайтарудан, кемшіліктерді жоюдан, кепілдік бойынша қызмет көрсетуден, ақауларды жоюдан бас тартқанын көрсеткен.

– Ақыры іс сотта қаралды. Автосалон, жөбірленушімен қоса мемлекет үшінші тарап ретінде қосылды. Автокөлік қарапайым техника емес. Сондықтан ақауы бар мүлік үшін кінәлі тарап негізгі жауапкершілікті мойнына алуы керек, – дейді департамент басшысы Нұрғали Қуандықұлы.

Департамент басшысы сот шешіміне сәйкес, жөбірленушіге барлық шығын толық қайтарылғанын жеткізді. Сот автосалонға жалпы сомасы 16 677 000 теңгені қайтаруды міндеттеген.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

• ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ

ҚАУІПСІЗ ТУРИЗМ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛАУЫ

Шекара сыртына шыққанда, барар еліңіздің туризмге қаншалықты мән беретінін бағамдап алғаныңыз жөн. Мамандар туристік саяхатқа аттанарда ондағы эпидемиологиялық жағдай туралы мәліметтерді алдын ала нақтылауға шақырып отыр. Өйткені Еуразия, Африка, Оңтүстік Америка және Мұхит аралдары елдерінде жұқпалы және паразиттік аурулар таралуда.

Бұл аймақтардағы жылы және ылғалды климат қоршаған ортадағы микроорганизмдердің ұзақ өмір сүруіне, жәндіктер мен құрттардың белсенді көбеюіне ықпал етеді. Инфекциялар мен паразиттік аурулар көбінесе су, ластанған және жеткіліксіз өңделген тағамдар, қан сорғыш жәндіктер, ауру адаммен немесе ластанған қоршаған ортамен байланыста болғанда және жыныстық қатынас арқылы жұғады. Тропикалық инфекциялар адамның ішектеріне, терісіне, көзіне, әртүрлі жүйелері мен мүшелеріне әсер етуі мүмкін, көбінесе мұндай ауруларды емдеу ауыр әрі қиын. Сонымен қатар, ыстық климатты елдерде адам денсаулығына айтарлықтай зиян келтіретін улы өсімдіктер мен жануарлар бар.

Мамандар қауіпсіз сапар үшін тек орталықтандырылған сумен жабдықтау және кәріз жүйесі бар қонақүйлерде демалуды ұсынады. Егер бөлмеден маса, бұрге не кеміргіштер табылса, дереу әкімшілікке хабарлап, шұғыл шараларды талап ету керек. Жәндіктер шоғырланатын жерлерде терезе мен есіктерге торды, сондай-ақ бөлмеде электрофумигатор орнату қажет.

«Жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу үшін қауіпсіздігіне көзіңіз жететін су мен тамақты тұтыныңыз. Ет, балық, теңіз өнімдері міндетті термиялық өңдеуден өтуі керек. Жергілікті көше тағамдары мен бейтаныс тағамдардан аулақ болыңыз. Өнімдерді мамандандырмай, дүкендерден зауыттық қаптамада сатып алыңыз. Көкөністер мен жемістерді қауіпсіз сумен жуып, қайнаған сумен шайыңыз. Тамақтанар алдында әрқашан қолыңызды сабындап мұқият жуыңыз. Су қоймалары мен бассейндерде жүзгенде су жұттып қояудан, ауызға құйылып кетуден сақ болыңыз. Ауру көзі болуы мүмкін жануарлармен байланыста болған кезде ерекше сақ болу керек. Тістегенде, тырнағаңда немесе сілекей жұққан

кезде дененің зардап шеккен бөлігін дереу сабындап жуып, дәрігерге қаралыңыз. Улы жыландардың, жәндіктердің шағуы және улы теңіз тіршілігімен байланысу денсаулыққа ауыр зардап әкелуі мүмкін екенін ескеріңіз. Сондай-ақ қан соратын жәндіктерге қарсы құралдарды қолдану және терезе-есіктерге тор орнату да маңызды. Осы сақтық шараларын қолдану саяхат кезінде денсаулықты сақтауға көмектеседі», – дейді көліктегі санитарлық эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Жанар Оразалина.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және ProMed ақпараттық желісінің мәліметіне қарағанда, карантиндік және аса қауіпті инфекциямен сырқаттану жағдайлары тіркелген аймақтар белгілі. Мысалы, тырысқақ Африканың 16 елінде, Азияның 5 елінде, сондай-ақ АҚШ, Бразилия және Гаитиде 94 229 жағдай (1 685 адам қайтыс болды) орын алған. Қазақстанда үш импорттық жағдай тіркелді. Оба, Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы, дене безгегі, сары безгегі, ханта-вирус, қысанур орман ауруы, маймыл шешегі аурулары кең тараған елдерде адам өлімі де орын алған. Сондықтан шекарадан шықпас бұрын, өзіңіз баратын елдің қауіпсіз екеніне көз жеткізіп алыңыз.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

• ПӘРМЕН

ШЕКАРАДАҒЫ БАҚЫЛАУ МЫҚТЫ

Көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне қарағанда, мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі санитарлық-карантиндік бақылау тәулік бойы 25 өткізу пунктінде жүзеге асырылады. Оның ішінде 17 халықаралық әуежай, бес теміржол өткелі, екі теңіз порты және «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының бақылау-өткізу пункті бар. Барлық келген адамдарға міндетті түрде қашықтан термометрия жүргізіледі.

Күн сайын өткізу пункттері арқылы орта есеппен 79 халықаралық рейс, оның ішінде 70 авиациялық, 5 теңіз және 4 теміржол рейсі өтеді. Рейстер таяу және алыс шетелді қоса алғанда, 31 елмен арада жүзеге асырылады.

2023 жылы Қазақстанның мемлекеттік шекарасы арқылы 73 365 көлік құралы, ал санитарлық-карантиндік бақылаудан 4 855 099 жолаушы өтті. Олардың ішінде температурасы жоғары 53 жолаушы анықталды. Оның қыркы – әуе, оны – теміржол, үшеуі – теңіз жолаушысы. Былтыр карантиндік және аса қауіпті ауруларды әкелу жағдайлары тіркелген жоқ.

2024 жылы 17 мамырдағы жағдай бойынша, 11 042 көлік құралы келіп, 1 445 271 жолаушыны және 77 800 экипаж мүшелерін қоса алғанда, 1 523 071 адам тексерілді. Алайда Алматы ха-

лықаралық әуежайында Үндістаннан әкелінген тырысқақтың үш жағдайы тіркелді. Аса қауіпті инфекцияның әкелінуі мен таралуының алдын алу үшін департамент пен бөлімшелік басқармалар барлық мүдделі органдар мен ұйымдардың қатысуымен халықаралық әуежайлар мен теміржол вокзалдарында тұрақты тактикалық-жаттығу өткізеді. Сондай-ақ бақылаудағы тауарлар мен жүктерді қадағалау жүзеге асырылады. 2023 жылы жалпы көлемі 73 872 тонна болатын бақылаудағы тауардың 3 193 партиясы тексерілді. Тексерілген тауарлардың негізгі санаты тұрмыстық химияны, жеке гигиена заттарын, ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық затты қамтиды.

Қауіпсіздікті растайтын құжаттардың болмауы не сәйкес келмеуінен жалпы көлемі 7049 тонна болатын 344 жүк партиясын әкелуге тыйым салынды. Токтатылған жүктердің көпшілігі елге кіретін теміржол пункттеріне келеді. 2024 жылдың бірінші тоқсанында жалпы көлемі 16 148 тонна 706 тауар партиясы тексерілді. Ұсталған жүктің негізгі пайызы Алтынкөл станциясын (96%) қоса алғанда, теміржол әкелу пункттеріне тиесілі.

2023 жылғы 27 желтоқсаннан 2024 жылғы 26 наурызға дейінгі кезеңде Қазақстаннан шыққан жолаушылардың жалпы саны 908 573 адамды құрады. Оның ішінде 6491-і әуе қатынасы арқылы жасалды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• КӨКЕЙКЕСТІ

Қазақстанның жаңа даму моделін қалыптастыру жағдайында негізгі басымдықтың бірі ашық және өзін-өзі қамтамасыз ететін нарықтық экономиканы құруға бағытталған. Бұл үрдісте шағын және орта бизнесті дамыту негізгі драйвердің бірі болуы тиіс.

Бұл көрсеткіш бүгінде шамамен 6 пайызға тең.

Экономиканы әртараптан-дыру міндетінің шешілуін қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлікті қолдау шараларын қайта құрылымдау қажет. Ең

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

Ресми статистикаға сүйенсек, соңғы бес жылда Қазақстанда жеке сектор үлесінің жалпы ішкі өнімдегі тұрақты өсімі байқалады. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, 2019-2023 жылдар аралығында шағын және орта бизнестің экономикаға қатысуы 4,7 пайызға өскен. 2023 жылы онда жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 3,8%-ға өсіп, 4,2 млн адамға жеткен.

Үкімет тарапынан бизнес жағдайын жақсарту, әкімшілік жүктемені азайту және қолдау көрсету бойынша жүйелі шаралар атқарылып келеді. Мәселен, елімізде үш жылдан бері шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жарияланған. «Таза парактан реттеу» қағидаты сәтті жүзеге асырылуда. Осы шара барысында 10 мыңнан астам өзекті емес талаптар анықталды, оның 9 мыңы заңға тәуелді деңгейде алынып тасталды. Тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) да автоматтандырылуда, бұл 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап адамның араласуынсыз тексерулерді жоспарлауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде кәсіпкерлікті жоспарлы тексеру екі есеге қысқарып, айыппұл саны бірнеше есеге кеміді.

Алайда сарапшылар, депу-



таттар кәсіпкерлікті қолдауда шешімін күткен проблема аз еместігін айтады. Олардың пікіріне сүйенсек, соңғы жылдары шағын бизнестің көбеюі негізінен бизнестің бытыраңқылығынан орын алған. Шын мәнінде шағын бизнестің басым көпшілігі өнімділігі төмен салаларда құрылған. Көптеген бизнес нысаны саудамен айналысады. Сауда экономиканың маңызды саласы болғанымен, шағын және орта бизнес нысандары өңдеуші сектордың өсуін қамтамасыз етуі керек. Орта бизнес бүгінде тоқырауға жақын. Олардың жалпы ішкі өнімге қосқан үлесі 2019 жылғы деңгейде қалған.

алдымен, келешегі зор және өнімді салаларды дамытуға көңіл бөлінуі тиіс. Қазіргі уақытта мемлекеттік қолдау негізінен шағын бизнес пен жаңа кәсіпорындар ашуға бағытталған. Тиімді жұмыс істейтін кәсіпорындарды біріктіру мен ірілендіруді ынталандыратын құралдарды күшейту керек. Сондай-ақ кәсіпкерлерді өз бизнесін бөлуге итермелейтін фискалдық саясаттағы бұрмалауларды жойған жөн. Осы тұрғыда елдегі бизнес ахуалды жақсарту жұмысы жалғасуы қажет.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

• КЕҢЕС

БАТЫС пен ШЫҒЫС: ЖАҒАҢДЫҚ НАРЫҚТЫ БІРІКТІРЕТІН АЛТЫН КӨПІР

Елордада алты мемлекеттің қатысуымен сауда және инвестиция бағытындағы негіздемелік келісімге келуге арналған TIFA кеңесі өтті. Негізгі мақсат еліміздің сауда және экономикалық ынтымақтастық арнасын кеңейту.



15-ші мәрте өтіп отырған жиынға Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, АҚШ, Түрікменстан және Тәжікстан өкілдері қатысты. Кеңес мақсаты – шара аясында сауда және инвестициялық қатынастарды кеңейту және әртараптандыру перспективаларын ортаға салу. Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин ел делегациясын бастап барды. Біздің өкіл тұрақсыздық, жаһандық экономикалық санкциялар, сауда қақтығыстары және жаһандық жеткізу тізбегіндегі үзілістер жағдайында ой бөлісуге шақырды.

«Орта Азиядағы ірі экономикалық орталықтың бірін құрып отырған мемлекет және ДСҰ мүшесі ретінде Қазақстан TIFA-ның жоғары әлеуетін көріп отыр. Осы жолғы жиын – Батыс пен Шығыстың жаһан-

дық нарығын біріктіру жолындағы тағы бір нық қадам. Бұл екі дүние бөлігі арасындағы ортақ мәміленің айқын үлгісі болары анық», – деп атап өтті Серік Жұманғарин.

АҚШ-тан келген сауда өкілі әрі елші Кэтрин Тай TIFA құрамындағы елдердің тұрақты экономикалық ілгерілеуін қамтамасыз ету үшін күш-жігерді топтастыру қажеттігін айтты. «Орталық Азия елдері АҚШ-тың өте маңызды экономикалық және стратегиялық серіктесі болып қала бермек. Бүгінде бәріміз климаттық өзгерістермен, технологиялық және өнеркәсіптік прогрестің салдарларымен бетпе-бет келіп тұрмыз. Сол себепті тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ететін әрі болашақ проблемаларға бейімделген өндіріс ошақтарын дамыту керек.

Өсіресе, қазіргі экологиялық талаптарға сай көлік өндірісі керек», – деді Кэтрин Тай.

Кеңеске жиылғандардың талқылаған келесі мәселесі жаңа сауда жолын қалыптастыру болды. Еске сала кетейік, жалпы сауда және инвестициялық негіздемелік келісімге 2004 жылғы маусымда АҚШ, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан арасында қол қойылған. Келісім негізінде халықаралық сауданы кеңейту және шетелдік инвестицияларды тарту бойынша шара қарастырылған. Онымен бірге аталмыш келісім аясында өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға көмектесетін Орта Азия елдері мен Ауғанстан арасындағы сауда жұмыстары жанданған. Аталмыш кеңес арқасында Америка мен Орталық Азия арасында сауда және инвестиция кеңесі құрылған. Өткен жылғы есептерге сүйенсек, Қазақстан мен TIFA елдері арасындағы тауар айналымы 6,3%-ға өсіп, 11,7 млрд долларға жеткен. Салыстырмалы түрде тауар айналымы 2022 жылы 11 млрд долларды құраған.

Оның үстіне, Қазақстан мен АҚШ арасындағы екіжақты тауар айналымы да 33 пайызға артып, 4 млрд доллардан асып жығылған. 2024 жылғы қаңтар-сәуірде тауар айналымы есебі қазірдің өзінде 1,4 млрд долларды құрап тұр, бұл 2023 жылғы осы аралықтағы деңгейден 1,2 млрд долларға жоғары.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

• КЕСЕЛ

ЛУДОМАНИЯДАН КЕЛЕТІН ЗИЯН КӨП



Заңсыз ойын бизнесі – көлеңкелі экономиканың құрамдас бөлігі. Оған қарсы күрес республиканың барлық мемлекеттік органдары, ұйымдары мен азаматтары үшін маңызды.

Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Руслан Сатыбалдиевтың айтуынша, заңсыз ойын бизнесі мен лудомания проблемасы және осы жағымсыз құбылыстармен күрес халықтың, оның ішінде неғұрлым дамыған елдердің стандарттарына сәйкес келетін өскелең ұрпақтың әлеуметтік-қоғамдық жағдайының, психикалық денсаулығы мен имандылығының әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бес жыл ішінде департамент қызметкерлері заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырудың 42 дерегін анықтап, осы фактілер бойынша 38 қылмыстық іс сотқа жолданды. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру деректерінің ең көбі Тараз қаласында (18) анықталды. Одан кейін Шу ауданы (10) мен Қордай ауданы (6) тұр.

– Департамент лудоманияның алдын алу бойынша жұмысты тұрақты түрде жүргізуде, алайда бір құқық қорғау органының күшімен бұл жағымсыз құбылысты жою мүмкін емес. Лудоманиямен ауыратын адамдар көбінесе заңсыз әрекеттер жасайды. Олардың туыстары мен жақындары зардап шегеді. Лудоманиядан мемлекетке де үлкен зиян келеді, өйткені тәуелді адамдардың көпшілігі жастар, – дейді Руслан Нұрланұлы.

Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру ҚР Қылмыстық кодексінің 307-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады және мүлкі тәркіленіп, 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейді. «Ойын бизнесі туралы» заң бойынша айқындалған

аумақтардан басқа барлық жерлерде оның ұйымдастырылуы заңсыз болып табылады. Қолданыстағы заңнама бойынша, ойын бизнесі Алматы облысындағы Қапшағай қаласы мен Ақмола облысының Бурабай қалашығында ғана ұйымдастырылған.

«Заңсыз контенті бар сайттарды бұғаттау және жою мақсатында интернет-ресурстардың мониторингі бойынша жұмыс белсенді жүргізілуде.

Мысалы, 2022-2023 жылдары департамент заңсыз ойын қызметі мен қаржы пирамидалары белгілері бар 2 мыңнан астам сайттарды анықтап, бұғаттады.

2024 жылдың 5 айында 1069 сілтеме бұғатталды. Оның 326-сы – интернет-казино, 743-і – қаржылық пирамидалар», – дейді Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары.

Оның сөзіне қарағанда, департамент заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру деректерін азайту үшін тұрақты негізде жоғары оқу орындары мен колледж студенттерімен, орта мектеп оқушыларымен дәрістер, дөңгелек үстелдер және кездесулер өткізеді. Онда көрнекі материалдар, бейне-роликтиер, слайдтар пайдаланылады, оқушылармен профилактикалық әңгімелер жүргізіледі. 2023 жылдың қараша айында Жамбыл облысының Ақсақалдар кеңесімен бірлесіп, Тараз қаласының орталық мешітінің алаңында Жамбыл облысының бас имамы мен аудандық мешіттердің діни қызметкерлерінің қатысуымен форум өткізілді. Онда діни қайраткерлердің лудоманиямен күресте жәрдемдесуі туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

• ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРМЕН 14 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ШАРТ ЖАСАЛДЫ

Жаңа индустриялық саясатты, еліміздің қуаты индустриялық негізін қалыптастыру Үкіметтің негізгі басымдықтарының бірі болып отыр.

Үкімет былтырғы қазан айында депутаттардың өңірлерге жасаған жұмыс сапарлары аясында тұрғындар көтерген мәселелерді егжей-тегжейлі қараған. 1700-ден астам сұрақты жүйелеп, олар бойынша нақты қандай шаралар қабылданғаны туралы есеп де берілді. Бұл формат өзінің тиімділігін көрсетті. Вице-премьер Тамара Дүйсенова депутаттарға қаңтар айында келіп түскен мыңға жуық сұрақ бойынша Парламентте баяндама жасады.

Депутаттарға келіп түскен сұрақтардың басым бөлігі ауылшаруашылық саласы, өңірлерді дамыту, тұрғын үй мәселелері мен қауіпсіздік бағыттарын қамтыған. 30 пайызы инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде құрылыс, жол, газ бен су, әлеуметтік нысандарды салу, оларды жөндеуге қатысты. Ал қалғаны әлеуметтік проблемаларға арналған. Олардың орындалу барысы Үкіметтің ерекше бақылауында тұрғанын айтқан вице-премьер өз шешімін тапқан жүйелі мәселелердің қатарында отандық өндірушілерді қолдауға да тоқталып өтті.

«Отандық өндірушілерді қолдау бойынша нақты шара-

лар қабылдануда. Бірінші, ұлттық режимнен алып тастау тізбесі кеңейтілді. Біз оны төрт есеге арттырдық. Егер жыл басында тізбе 1 мыңға жуық тауардан тұрса, қазір оның 4 мыңнан астам атауы бар. Ол дегеніміз қандай да бір мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланса, оған тек отандық компаниялар қатыса алады. Екінші, оффтейк келісім шарттар бағытын қолға алдық. Жыл басынан бері отандық өндірушілермен 14 млрд теңгеге шарт жасалды», – деді Т.Дүйсенова.

Вице-премьердің сөзіне қарағанда, Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда берген тапсырмаларына сәйкес, инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. 12 мың шақырымнан астам автожол салу, реконструкциялау және жөндеу, жаңа газ желілерін салу есебінен 300 мың халқы бар 87 елді мекенді газдандыру жоспарлануда. Арнайы экономикалық және индустриялық 13 аймақ қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілетін болады. «Ауыл – ел бесігі» жобасына 180 млрд теңге қарастырылды, оның аясында 1,4 мың жоба жүзеге асырылып, 500 ауылдық елді мекен қамтылатын болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

• ЭКОНОМИКА

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ НАРЫҚҚА СЕП

Елімізде ішкі нарықты қорғауға басымдық берілген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің былтыр қыркүйек айында Қазақстан халқына арнаған жолдауында ішкі нарықты қорғау үшін жаңа белсенді шаралар қабылдауға шақырды.

«Қазір көптеген елдер ішкі нарықты қорғау шараларын белсенді түрде қолдануда. Тіпті дамыған елдер протекционистік индустриялық саясатқа көшті. Қазақстанда ДСҰ классификациясына сәйкес, ішкі нарықты қорғау деңгейі бойынша бар болғаны 128 тарифтік емес шара қолданылады. Сондықтан бізге сауда саясатында жаңа, батыл тәсілдер қажет», – деген еді сонда Қ.Тоқаев. Президенттің айтуынша, мемлекет отандық тауар өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл экономикамызды сыртқы әлемнен жабудың белгісі емес, бұл оны ұлттық бизнестің мүдделерін ескере отырып дамытуды білдіреді. Қазақстан ЕАЭО мүшесі болғандықтан, нарықты қорғау бойынша барлық шешімдер осы ұйым аясында қабылданған шешімдер негізінде қабылданады. Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбілбабековтың айтуынша, ішкі қорғау ісінің заңнамалық базасын жетілдіру бағытында жұмыс белсенді жүруде. Бұл орайда сауда қызметінің әртүрлі аспектілерін стандарттау мен модернизациялауға басты назар аударылды.

Осы жұмыс шеңберінде сауда қызметтеріне, ұсақ бөлшек сауда желілеріне, базарларға, қоғамдық тамақтану және электрондық сауда объектілеріне, сондай-ақ персоналға

қойылатын тоғыз ұлттық және бір мемлекетаралық стандарттарға сәйкес, жалпы талаптар стандартталатын болады. Сауда-саттықтаң сабырлігі заманғы форматының өлшемдерін және ішкі сауда субъектілерінің тауарлардың Ұлттық каталогын пайдалануға қойылатын талаптарды енгізу маңызды қадам. Жәрменкелерді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі талаптар, жергілікті атқарушы органдардың осы жәрменкелерді өткізу күнтізбесін бекітуімен және қазақстандық өнім өндірушілер үшін тегін сауда орындарымен қамтамасыз ету тәртіптері айқындалды. Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары мен маршруттарын бөлуге арналған конкурстарды өткізу үшін нормалар белгіленді, сондай-ақ арзандатылған тауарларды сату және сауданы өткізу тәртібі жөніндегі ережелер енгізілді.

Қазіргі заманғы форматтардың үлесін 33%-ға дейін ұлғайту мақсатында сауда инфрақұрылымын жаңғырту бойынша қарқынды жұмыс жалғасуда. Осы үдеріс шеңберінде базарлардың қала құрылысы, санитарлық және өрт нормаларына сәйкестігін қатаң бақылау жүзеге асырылады. Жол қарғасы бекітілді, оны іске асыру нарықтарды тұрақты мониторингтеуге және жаңғыртуды аяқтауға бағытталған.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға да көп көңіл бөлінеді. Ресми статистикаға сәйкес, ағымдағы жылдың басынан бастап әлеуметтік маңызы бар өнімдердің баға индексі 0,1%-ға төмендеген, бұл – соңғы 10 жылдағы елеулі көрсеткіш.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

• ІШКІ НАРЫҚ

Қазақстан даму банкі 2024-2027 жылдар аралығында жалпы ұзындығы 5 мың шақырымнан асатын республикалық маңызы бар автожолдарды қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобаны қаржыландырады.

АВТОЖОЛДАР САЛЫНЫП, КӨЛІК ТАСЫМАЛЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТПАҚ

Онда облыс орталықтарын Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Ұлытау облыстарының елді мекендерімен байланыстыратын жолдарды да, республикалық маңызы бар трассаларды да қалпына келтіру жоспарлануда. Сонымен қатар, су өткізгіш құбырлардың апатты көпірлері қайта жаңартылады. Жолдардың қалпына келтірілген учаскелерінде көлік құралдарының салмағы мен көлеміне қатысты параметрлерін өлшеудің автоматтандырылған жүйесін іске қосылады.

Бұл жобаны іске асыру автомобиль жолдарының техникалық сипаттамасын жақсарту арқылы өңірлердің көліктік-логистикалық әлеуетін ашуға елеулі үлес қосады. Көлік магистральдарының өткізу қабілеті мен жайлылығы арттырады. Жол бойындағы елді мекендердің одан әрі дамуына да серпін беріп, халықтың іскерлік белсенділігін ұлғайтады. Көлік қызметтерін ақпараттандыру процесі жедел-

детіледі. Көлік тасымалдарына қаржылық және уақытша шығындар қысқарады, бұл өз кезегінде елдің аграрлық және өнеркәсіптік секторларының дамуына оң әсер етеді.

«ESG саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою – бұл біздің өзара іс-әрекетімізді нығайтуға, экологиялық және әлеуметтік жауапты жобаларды қолдауға бағытталған маңызды қадам. Қаржы секторы тұрақты экономикаға көшуде шешуші рөл атқарады және біздің ынтымақтастығымыз ШЫҰ БАБ қатысушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосады», – дейді Қазақстан даму банкінің Басқарма төрағасы Марат Елібаев. Оның айтуынша, жаңа құжат тұрақты жобаларды қаржыландыру кезінде тәжірибе алмасуды, ESG қағидаттарын зерттеу үшін бірлескен іс-шараларды, сондай-ақ ESG тәуекелдерін басқару және оларды азайту бойынша ұсыныстар әзірлеуді қарастырады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Шолпан МАЛИКОВА, Нархоз университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты:

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫНА ЛИЦЕНЗИЯ БЕРІЛМЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаржы пирамидаларының құрылуына атсалысып отырған инвесторлардың салған инвестициялық қаражатының өсуі тікелей қатысушылардың белсенділігіне байланысты. Қаржы пирамидасына үнемі жаңа салымшыларды табу мүмкін болмаған кезде құлайды, бұл соңғы инвесторлар мен соңғы салымшылардың ақшасын жоғалтуына әкеледі. Заманауи әлемде интернет пен әлеуметтік желілердің дамуымен қаржылық пирамидалар жаңа формаларға ие болды, бұл оларды тану мен алдын алудың маңыздылығын арттырады. Қаржы пирамидаларына лицензия берілмейді. Өйткені қаржы пирамидаларын құру заңсыз. Сол үшін қаржы пирамидалары коммерциялық кәсіпорын ретінде тіркеледі немесе мүлде тіркелмеуі де мүмкін. Қаржы пирамидасы екенін мына белгілерге қарап, тануға болады. Бірінші, бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда, соның ішінде әлеуметтік желілерде жоғары табыс пен пассивті кіріс уәдесі бар жарнама жаппай таралуы мүмкін. Екінші, қаржы пирамидаларында бастапқы салымшылар жаңа салымшыларды тартады. Үшінші, компания клиенттерден жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті нарықтық бағадан жоғары бағамен сатып алуды және нарықтық бағадан төмен бағамен сатып алуды және компания бастапқы капиталдың міндетті қарнасы бар бірлескен кәсіпорынның немесе компанияның қатысушысы болуды ұсынады.

– **Пирамидалар қоғамға, елдің қаржы секторына несімен қауіпті? Азаматтар қаржы пирамидаларына алданса, кім көмектеседі?**

– Қаржы пирамидаларының қауіптілігі – адамдар өздерінің қаржылай жинақтарын жоғалтады, несие алып, қарызға батады. Тіпті айналасындағы туған-туыстары мен достарына да қарыз болып, оқшаулана бастайды. Тығырықтан шығар жол таппай, психологиялық тұрғыдан да зардап шегеді. Қаржы пирамидалары кез келген уақытта құлауы мүмкін, ал салымшы қандай жағдайда да қарызға батып қала береді. Қаржы пирамидасына алданып, жаппа шеккендер ішкі істер департаментіне арыз түсіруі керек. Сосын Қылмыстық кодекстің 190-бабына сәйкес, алаяқтық бабы бойынша және 217-бапта көрсетілген қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету бойынша қылмыстық іс қозғалады.



– **Қаржы пирамидасымен айналысқандарға арналған заң мен жаза қандай?**

– Қаржы пирамидасын құру және оған басшылық жасау жауапкершілігі алғаш рет Қылмыстық кодекске 2014 жылы енгізілген. Бұған дейін бұл әрекет алаяқтық ретінде қарастырылды. ҚР Қылмыстық кодексінің 217-бабы қаржылық (инвестициялық) пирамиданы немесе оның құрылымдық бөлімшелерін құруға және оларға басшылық жасауға бағытталған іс-әрекеттер үшін жауапкершілікті көздейді. Қылмыстық кодекстің 217-бабының 3-бөлігінде қылмыстық топ жасаған қаржы пирамидасын жасағаны және оған басшылық жасағаны үшін аса ірі мөлшердегі ақшаны, өзге де мүлікті не оған құқықты тарта отырып неғұрлым қатаң жаза көзделген (5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға санкция беру). Қылмыстық кодекстің 217-бабының субъектілері қаржылық пирамиданы құрған және басқарған тұлғалар ғана бола алады.

– **Қаржы пирамидаларынан қалай сақтанамыз?**

– Қаражат салар алдында компания мен ұсынысты мұқият зерттеу қажет. Пікірлерді, компания тарихын, бизнес-модель бөлшектерін және лицензиясын тексеру керек. Әлеуетті шығындарды азайту үшін инвестицияларыңызды әртараптандыру қажет. Шарттарды толық түсіну үшін қол қоймай тұрып, алдын ала барлық шарттар мен құжаттарды толық әрі мұқият оқу керек.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Сұхбаттасқан
Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

• КӨКЖИЕК

Қазір ғылымның өрісі кеңіді. Ізденген, білім қуған, жаңалыққа құмар жасқа зерттейтін тақырып та, оқитын ақпарат та, ізденетін кеңістік те көп. Болашақ – ғылымға ұмтылған жастың қолында. Жасанды интеллектімен жарысатын да, оны жетілдіріп адамзат кәдесіне жарататын да, тіпті одан асып түсетін жаңа ғалам ашатын да – жастар. Ендеше, бұл саладағы бүгінгі талпыныс соның бір ұшқыны секілді. Осыдан біраз уақыт бұрын ғана көрерменге жол тартып, ізденімпаз адамның, талапты жастың, көзіқарақты, ғылым мен білімнен хабары бар оқырманның көзайымына айналып үлгерген Қазақстан телеарнасынан өткен «Технократтар талқысы» бағдарламасын Қазақстандағы ғылым саласына бағыттаушы, тың тақырыптарымен жастарға бағдар нұсқаушы көкжиек деуге келеді.

«ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ»: ТЕХНОЛОГИЯҒА, ҒЫЛЫМҒА ҚЫЗЫҚҚАН ЖАС БУЫН ҮШІН ТАПТЫРМАЙТЫН ОҚУЛЫҚ



Аудиториясы ауқымды, тақырыптары терең, мазмұны танымдық жобаның бір маусымда көтерген тақырыптары сан түрлі. Мәселен, электромобиль, робототехника, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, наноөнімдер, су табу технологиялары, ауаны тазарту, блокчейн, энергияның жаңа көздері, жерден тыс өмір, ген редакциясы, ақылды қалалар мәселелері студияда білікті маман, ғалымдар мен жастардың арасында талқыланды. Корпорацияның өзінің берген ақпаратына сүйенсек, бағдарламаның бір маусымына Ұлттық ғылым академиясында, еліміздегі жоғары оқу орындарында, зерттеу институттарында және өзге де салаларда қызмет атқаратын 300-ден астам маман қатысқан. Сонымен қоса, хабарға АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай елдерінде зерттеумен айналысып жүрген қазақ ғалымдары сұхбат берген.

Бағдарламаның мақсатын ұйымдастырушылар «ғылым мен технология жаңалықтарын талдай отырып, Қазақстан ғалымдары мен инженерлерінің бұл салаға қосқан үлесін көрсету» дейді. Аталмыш жоба тек журналистердің ғана қолынан шыққан өнім емес. Ол – ҚР Ұлттық ғылым академиясы ғалымдарымен және «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығы мамандарымен кенесе отырып дайындалған бағдарлама. Жобаны жүргізуші – белгілі журналист Болат Мүрсәлім.

Студиясы ерекше жабдықталған заманауи форматтағы бағдарлама корпорацияның Алматы филиалында түсіріліпті. Тележобаға ұлттық арнаның Бельгия, Ресей, Ұлыбританиядағы меншікті тілшілері де белсенді атсалысқан. Бұл тележобаның үлкен дайындық, зор жауапкершілікпен көрермен назарына ұсынылғанын көрсетеді. Хабар тың тақырыптарымен көрерменді өзіне бірден таратады.

«Qazaqstan» телерадиокорпорациясының бас редакторы әрі бағдарлама жүргізушісі Болат Мүрсәлімнің айтуынша, «Технократтар талқысы» циклінде бұрын айтылмаған тақырыптар ғалымдар талқысына түскен.

«Корпорация басшысы Ләззат Танысбай биыл ғылым мен технология бағытындағы бағдарламаларға ерекше мән беріп отыр. Жаңа жоба – осы бағыттағы ізденістің бірі. Бағдарламаға Ұлттық ғылым академиясының ғалымдары, Жоғары оқу орындарында дәріс беретін оқытушылар мен профессорлар, ғылыми-зерттеу институттарының басшылары мен ғалымдары қатысты. АҚШ, Канада, Франция, Ұлыбритания, Ресей, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай елдерінде оқып, зерттеумен айналысып жүрген қазақ ғалымдарын

онлайн-сұхбатқа шақырдық. Сонымен бірге ғылым саласында жаңа есімдерді танытуды көздеп отырған жоба аясында «Болашақ» бағдарламасымен оқыған ғалымдардың ғылыми жаңалықтары туралы да естідіңіздер. Бүгінде көкейкесті болып отырған ауаны тазарту технологиясы, электромобильдер өндірісі, энергияның жаңа көздері, құрылыс саласындағы 3D принтер тәрізді заманауи құрылғылар, ақылды қалалар, гендік инженерия, жасанды ағза, робототехника, жерден тыс өмір, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, блокчейн және криптовалюта, наноөнімдерге қатысты әлемдік жаңалықтардың, ғалымдардың сараптама-сының осы салаларда тыннан түрен салуға, елімізде тың жобаларға түрткі болатынына сенімім мол», – дейді Б.Мүрсәлім.

Бағдарлама жүргізушісінің айтуынша, жоба барысында талқыланатын тақырыптың бірі – электр көлігі өндірісі. Б.Мүрсәлім ғалымдардың көлікті қуаттауға қатысты шешімінің маңыздына назар аударды. Мұндай көліктің бензинмен қозғалатын автомобильдерден артықшылығы – қоршаған ортаны ластамайды. Энергияға да үнем. Бүгінде елімізде бес мыңға жуық электромобиль бар десек, оларды қуаттау негізгі мәселенің біріне айналып отыр. Мұндай көліктерді қуаттау бекеттері елімізде ғана емес, әлемде аз. Басым жағдайда литий-ионды батареялар қолданылады. Осы орайда Назарбаев университетінің профессоры Жұмабай Бәкенов литий-күкіртті батарея ойлғап тауып, жобаның энергия үнемділігін дәлелдеп отыр. Қысқасы, аталған бағдарлама осындай тақырып ауқымдылығымен ерекшеленеді. Тележобаның көздеген мақсаты мен көтерген тақырыптары жайлы «Қазақстан» телерадиокорпорациясының бас редакторы, «Технократтар талқысы» бағдарламасының жүргізушісі Болат Мүрсәлімнен сұраған едік. Автор бізге хабар жайлы жан-жақты әңгімелеп берді.

ГЕН ИНЖЕНЕРИЯСЫ. НАНОТЕХНОЛОГИЯ

Бағдарламаны үш шартты бөлікке бөлдік. Бірінші, мәселенің өзектілігі тұрғысынан қарастырдық. Екіншісі, Қазақстан ғалымдары ғылыми бағытта немесе жаңалық ашу бағытында өздерінің ойлап тапқан қандай дүниесі бар, соны көрсетуге күш салдық. Үшінші блокта міндетті түрде шетел тәжірибесін талқыға салдық.

Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі – қоғамдық бағыттағы кейбір хабарлар сияқты «Ғылымды қалай қаржыландыру керек?», «Қазақстанда ғылым бар ма?» деген сияқты жалпылама мәселелерді көтермейміз, алған тақы-

рыбымызды неғұрлым тар қойып, кең қазуға тырыстық.

Қазір дүниежүзінде ғылым мен техника қарыштап дамып келеді. Барлық тақырыпты қамту мүмкін емес екені түсінікті. Тіпті кейбір тақырыптар бойынша сөйлейтін ғалымдарымыз да жоқ. Сондықтан Қазақстан үшін өзекті, бізге сәл де болса жақын, таныс деген тақырыптарды таңдауға тырыстық.

Мәселен, бағдарламада жасанды ағза, яғни адамның ішкі органдарын қолдан жасау, трансплантология емес, қолдан жасау мәселесі, құрылыс саласындағы 3D принтер, электромобиль дәуірі, т.б. тақырыптар қозғалды.

Бағдарламаны қарапайым, бірақ қарабайыр емес тілде бастап, ары қарай тақырыпқа тереңдей түсеміз.

Кенірек түсіндіріп өтсем, қазір медицинада ген инженериясы деген үлкен бір сала бар. Соның ішінде ген редакциясы деген жеке тақырыпты бағдарламаға алдық. Хромосомалық деңгейде ауру жасушаларды генетикалық қайшымен қиып тастап, адам ағзасын қалай сауықтыруға болады немесе сау ұрпақты дүниеге қалай әкелуге болады – бағдарламада осы мәселені талқыладық. Не болмаса наноөнімдер деген сөзді қазір көп айтамыз. Нанотехнологияны бәріміз білеміз. Нано дегеніміз – бір метрдің миллиардтан бірі, 10-9-дай өлшем ғой. Сол нанотехнологияны қолдана отырып, Қазақстанда қандай наноөнімдер шығарып жүрміз және оны кім шығарып жатыр, ол өнімдерді қай салада қолдануға болады, әлемде нанотехнология қандай революциялық жаңалықтар ашты – осы сияқты мәселені қаузап, қозғадық.

Гуманитарлық тақырыптар бұл хабарда талқыланбайды. Бұл хабарға тек қана нақты ғылыммен айналысатын техника, энергетика болмаса ақпараттық технология, медицина сияқты нақты ғылымдар саласында зерттеу жасап жүрген ғалымдар қатысады. Бірінші маусымдағы бағдарламалар легін шартты үш салаға бөліп қарастырдық. Бірінші, ақпараттық технологияға қатысты. «Киберқауіпсіздік», «Жасанды интеллект», «Блокчейн және криптовалюта» бағдарламалары ақпараттық технологияға байланысты. «Жасанды ағза» және «Ген редакциясы» бағдарламалары медицинаға қатысты. Қалған 10 бағдарлама техника мен технология саласындағы ғылыми тақырыптарды талдайды.

ҒЫЛЫМНЫҢ НАҚТЫ БІР САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫАҒАНЫҢ НЕМЕСЕ ДАМУЫАҒАНЫҢ АЙТАМЫЗ

– Мұндай терең тақырыптарда сөйлейтін қазақ ғалымдары аға буында да, жас буында да бар. Аға буында тәжірибелері өте мол ғалымдар, жас буында жаңа тақырыптарға жаңа қырынан келіп, ізденіп жүрген зерттеушілер бар.

Біз, ең бірінші, таза қазақша хабар жасағымыз келді. Қарап отырсаңыз, бірде-бір орыс тіліндегі сұхбат немесе орыс тілінде сөйлейтін спикер біздің хабарға қатыспайды. Екінші, манипуляция жасаумен айналыспаймыз. Барды бар, жокты жоқ дейміз. Яғни ғылымның нақты бір саласы дамымаса – дамымағанын, дамыса – дамығанын айтамыз. Бізде бәрі керемет деген позиция ұстанбаймыз. Ұлттық арнадан осы хабарды көрген кез келген көрермен ғылым тілін түсінсе, ғылым талқысына қатыса алса деген ниетпен терең пайымды пікірді қарапайым сөзбен түсіндіруге тырысамыз, сұрақты да сол тұрғыдан қоямыз, жауапты да сол тұрғыдан күтеміз. Студиямызда үлкен ЛЭД экранымыз бар. Соған арнайы көрнекі суреттер дайындадық, бірнеше репортаждар әзірледік. Бельгиядағы, Ұлыбританиядағы, Ресейдегі тілшілеріміз репортаж дайындауға қатысты.

Бұл хабар танымды кеңейтсем деген, техника, технологияға жақын болсам деген жас буын үшін таптырмайтын оқулық, хрестоматиялық материал, қосымша сияқты болады деп ойлаймыз. Рухани бай дүниемізбен мақтанамыз ғой. Техникаға жақын ұлтпыз деп те мақтанатындай серпіліс жасасак деген ой болды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

• ҒЫЛЫМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ӨЗГЕРІСТЕР ТЫҢ ІЗДЕНІСТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Жақында «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң мен іліспе құжаттар Сенатта екінші оқылымда қаралып, мақұлданды. Бұл заң ғылымды дамыту мен оның басқару моделдерін жетілдіру, ғылыми жұмыстарды әлеуметтік қорғау, ғылымның тың ізденістері мен нәтижелерін экономикаға ендіруде бизнес-ті ынталандыру мәселелерін қарастырады. Аталмыш мәселелердің заңдық тетіктерін айқындайды.

Мұндағы іліспе заңның да өз функциясы бар. Ол қолданыстағы Азаматтық, Кәсіпкерлік және Әлеуметтік кодекстердің және алты заңның кейбір нормаларын «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңына сәйкестендіруге, платформалық жұмыспен қамту әрі мемлекеттік бақылау мәселелерін одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленген», – деді сенатор Алтынбек Нухұлы.

Сенатор сондай-ақ Салық кодексіне ғылымның дамуын ынталандыру, ғылыми-техникалық қызмет пен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында бизнеске салық бойынша және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырғанын мәлімдеді.

«Айтылған заңдар күшіне енген соң, отандық ғылымның ел экономикасын дамытуға және елдің ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыруға қосатын үлесінің өсуі ескерілген. ҚР Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінен заңдар бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ», – деді депутат.

Сенат мәліметіне сүйенсек, заңдар ғылымды басқару моделін жетілдіруге, Ғылым қорының қызметін регламенттеуге, ҚР Ұлттық ғылым академиясының құқықтық мәртебесін айқындауға бағытталған құқықтық нормаларды қамтыды, сондай-ақ

ғылыми инфрақұрылымның негізгі элементтерін, ғылыми ұйымдарды қаржыландыру тәртібін, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілеріне олардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру бағдарламаларын іске асыруда жәрдемдесу шараларын нақтылаған.

Атаулы күндер қатары толықты

Енді ғылыми қызметкерлер мен жоғары білім саласының да өз мерекесі бар. Алдағы уақытта 1 қазан – Қазақстанның жоғары білім қызметкерлері күні ретінде аталып өтіледі. Бұл дата Еңбек министрлігінің 11 маусымдағы бұйрығымен кәсіби мерекелердің тізбесіне енді.

Кез келген мемлекет өзінің еліндегі жоғары білім саласының ел ғылымы мен білімінің қарқынды түрде дамуына айрықша әсер ететін қозғаушы фактор есебінде бағалайды. Елдегі оқу орындары мен олардың қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өту білім ортасын қалыптастыру мен өзара бәсекені арттыру, ғылыми байланыс пен ықпалдастықты арттыру, жоғары білім саласындағы мамандардың беделін көтеруді көздейді. Кәсіби мереке ғылымдағы үздіктерді анықтап, жоғары білімге жас ұрпақты талпындыруға зор ықпалын тигізеді.

• ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БІЛІМДІГЕ ӨРІС КЕҢ



Жыл сайын елдегі ғылымның әлеуеті көтеріліп келеді. Оған мемлекеттік саясаттағы ғылымға бөлініп жатқан қаражат пен қамқорлық дәлел. Білікті кадрларды өндіріске қосу, бәсекеге төтеп беретін мамандар даярлау – мемлекеттің көздейтін басымдығы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі ғалымдармен өтетін кездесулерде жоғары оқу орындарының әлеуеті мен білім сапасын көтеру керектігін айтады. Сондай-ақ бәсекелестік пен сапалы білімнің тәжірибе алмасулар арқылы келетіні де айтылады. Бұл ретте Президенттің: «Қазақстанда әлемнің беделді 12 жоғары оқу орнының филиалы жұмыс істеп тұр. Көп ұзамай тағы бірнешеуі ашылады. Зерттеу жұмыстарымен айналысатын университеттер көбеюде. Технология парктері және инженеринг орталықтары ашылып жатыр. Жыл сайын 500 ғалым шетелде тағылымдамадан өтеді. Министрлік жас ғалымдарға мыңдаған грант бөліп жатыр. Мұның бәрі ғылымды дамытуға оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын», – деуі де осының мысалы.

Мемлекет басшысының бастама-сымен шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасу да жолға қойылып келеді. Осы реттегі тағы бір жағымды жаңалық – ол біздің ғалымдарымыздың сингапурлық ғалымдармен кездесулер өткізіп, әріптестікке уағдаласуы. Президент алдағы уақытта Сингапурда қазақ жастарының ғылыми бағытта оқығлатынын қуанышпен хабарлады. «Сингапур сияқты экономикасы қарыштаған елдерден үйренетініміз көп. Постиндустриалды дәуірде әлемге ашық болу және инновацияға ұмтылу кез келген елдің табысқа жетуі үшін аса маңызды фактор. Сондықтан үздік халықаралық тәжірибені мұқият зерттейміз және одан үлгі аламыз. Озық технологиялар мен идеялар-

ды енгіземіз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Біз серіктестікке баса мән береміз. Арамызды ажыратып, сенімге сызат түсіретін қабырға тұрғызу үшін емес, ынтымақтастық пен өзара түсіністікке бастайтын көпір салу мақсатында жүйелі жұмыс істейміз. Алайда қазіргі уақытта жанжалдар мен соғыс өрті басылмай тұрған аймақтарда мұндай сындарлы саясат жүргізу өте ауыр. Ол үшін табандылық пен сабырлық керек. Дипломатия мен диалог жолын ұстана отырып, біз үйлесімді әрі әділетті халықаралық құрылым құруды жақтаймыз. Біз ел ішінде жан-жақты реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Сондай-ақ қандай да бір саяси жағдайдың ығына жығылмай немесе бөтен пікірлерге ермей, ұлттық мүддемізді көздейтін теңгерімді сыртқы саясат жүргізіп отырмыз. Мемлекет басшысы ретінде мен үшін Тәуелсіздік құндылықтарын сақтау, халықтың әлауатын арттыру және елімізді қарқынды дамыту – басты міндет. Мен әрдайым осы негізгі қағидатқа баса мән беремін. Бес жыл ішінде біз саясат пен экономикадан бастап, мәдениет пен білім беру ісіне дейінгі барлық маңызды салалар бойынша ауқымды әрі институционалды өзгерістерді жүзеге асыра алдық. Ең бастысы, біз халықтың бойындағы шынайы өзгерістерге деген сенімді ояттық. Біз өз бағытымыздан қайтпаймыз. Қолға алған реформалардың бәрін жоспарлы түрде іске асыра береміз», – деді Президент. Ендеше, алдағы уақытта қазақстандық ғалымдарға жаңа көкжиектер мен тың ізденістердің даңғыл жолы ашылатыны анық. Мемлекет ғылыми өркендеген, бәсекеге қабілетті ел болуға барынша күш салып жатыр.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ЛАЙЫҚТЫ ЖӘНЕ ЛАЙЫҚСЫЗ: «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚИСЫНСЫЗ ҮНЕМДЕУ ТӘСІЛДЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Содан кейін ғана «Мейірәлі» ЖШС сот отырысында қызметкерлер тізімін ұсынған. Нақты келтірілген құжатқа сүйенсек, қызметкерлерінің негізгі бөлігі 2024 жылдың 1 мамырынан бастап жұмысқа орналасқан. Және осы қызметкерлердің басым бөлігі алдыңғы мердігер қызметкері екенін көрсететін баған бар. Сот берген өтініш аясында Салық комитетінен ресми ақпарат сұратылды. Ұсынылған құжатқа сәйкес, «Мейірәлі» ЖШС қарамағында 2023 жылы 28 адам болған, ал сот отырысында «Мейірәлі» штатта 100-ден астам адам бар деген. Қалай болғанда да, «100 қызметкеріміз бар» деген көрсеткіш шарт бойынша атқарылатын қызметті сапалы көрсетуге жеткіліксіз. Соған қарамастан, «Ембімұнайгаз» АҚ «Мейірәліні» тендер жеңімпазы деп таныды.

«Ембімұнайгаз» АҚ өкілінің конкурстық құжаттамада жұмыскерлер санына қойылатын талаптар қарастырылмағаны туралы дәлелі толығырақ зерттеуге лайық. Дейтұрғанмен 2021-2023 жылға арналған шартта жұмысшы саны 700-ден астам болуы керек деген талап бар. 2024 жылы сол нысанда тұрмыстық қызмет көрсететін, бірақ 28 адамы бар компанияның тендер жеңімпазы болып танылғаны ақылға қонымсыз. Сондай-ақ «Мейірәлі» ЖШС ұсынған шот-фактуралар мен қағаз тасығышта қол қойылған орындалған жұмыстардың актісі сотта талқылау тақырыбына айналды. Олар салық заңнамасында барлық өнім берушілердің электрондық шот-фактураларды жазып беру міндетіне қарамастан, тиісті дәлел ретінде қабылданған. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ЭШФ портал арқылы беру міндеті, Салық кодексінің 412-бабы 1.2 және 3-тармақтарының талабына сәйкес, барлық ҚҚС төлеушілерге жүктелді. Қағаз жүзінде берілген шот-фактуралар Салық кодексінің тікелей талабын бұзады. Ұсынылған құжаттардағы жағдайдың күрделілігіне қарамастан, сот неге екені белгісіз, салық органның сотқа қатысу үшін және тіпті салық декларацияларын сұрату үшін тарту туралы өтінішті қанағаттандырудан бас

2023 жылдың наурыз айында «Ембімұнайгаз» АҚ-ға жаңа басшылықтың келуімен бұл қызмет бірнеше лотқа бөлінген. Әрі әдеттегіше қызметтің бұл түрі қымбаттаған, яғни бюджет ұлғайған. Нәтижесінде бірдей жұмыс көлеміне, бірдей әлеуметтік объектілерді ұстау мемлекетке миллиардтаған шығын әкеледі.



тартқан. Бұл – барлық сот талқылауына нүкте қоя алатын жалғыз дәлел.

Ал енді лоттарды бөлу жағдайы тіптен бөлек қарастыруға лайықты. Соңғы үш жылда «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау облысындағы 5000-нан астам жұмысшы жұмыс істейтін жатақхана, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарды және оларға іргелес жатқан аумақтарды ұстау мен оларға қызмет көрсету құны акционерлік қоғам үшін 10,7 млрд теңге көлемінде болды. Бұл қызмет бұрын бір лот ретінде сатып алынған және кешенді форматта ұсынылған, яғни оған үй жұмысының кір жуу, тазалау және т.б. түрі кіреді. Кешенді барлық қызметті дұрыс көрсету нәтижесінде еңбек ресурстары жақсы үйлестірілген өнім беруші көзделген және белгіленген бюджеттен 1,6 млрд теңгеден астам қаражатты үнемдеді.

2023 жылдың наурыз айында «Ембімұнайгаз» АҚ-ға жаңа басшылықтың келуімен бұл қызмет бірнеше лотқа бөлінген. Әрі әдеттегіше қызметтің бұл түрі қымбаттаған, яғни бюджет

ұлғайған. Нәтижесінде бірдей жұмыс көлеміне, бірдей әлеуметтік объектілерді ұстау мемлекетке миллиардтаған шығын әкеледі. Ал жаңа басшылықтың бұған дейінгі сапалы әрі арзан кешенді қызмет түрінен нәтиже келгендігіне түсініксіз. Жоғарыда аталған қызметтер бағасының өсуіне байланысты «Ембімұнайгаз» АҚ қазір «ойдан шығарылған» шығындардың жетіспеушілігіне байланысты қосымша қаражат бөледі. Сатып алу жоспарына сәйкес, сатып алулар үшін көзделген сома 4 629 633 472.97 теңге. «Мейірәлі» ЖШС ең төменгі баға 4 148 231 110.24 теңгені белгілеп, тендерді жеңіп алды, тендер сомасын 12 айға бөліп, қалған 8 айға көбейту керек болды. Мұнда осы нақты сатып алудың бюджеті тендерлік өтінімнің сомасын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Осы орайда Қазақстан Президентінің тапсырмасын мүлтіксіз орындау туралы не айтуға болады? Әлде оның мұнай компанияларына қатысы жоқ па? Бұл қаражатты оңтайландырып, ауқымды мәселелерді шешуге, мысалы, Атырау облысындағы су тас-

қынынан зардап шеккендерге көмек көрсетуге болар еді. Мұндай жағдайда компанияның әлеуметтік жауапкершілігі туралы айтып та қажет емес. Заңның бұзылғаны тайға таңба басқандай. Дейтұрғанмен бұл тендердің өтуіне кедергі болмады. Бұдан сатып алу үшін барлық конкурстық процедурадан өту жөй талап орындау ма деген ой туындайды. Осы сұраққа жауап ретінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының өкілдері квазимемлекеттік сектор субъектілері өздерінің жарғылық қызметін орындау үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шеңберінде квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы заңды басшылыққа алатынын мәлімдеді. Жауапты сөзбе-сөз жеткізсек: «Сатып алу рәсімі әлеуетті өнім берушілерге жүктелетін және құзыретті органдар бақылайтын сатып алуға қатысушылардың салық шегерімдерін тексеруге қойылатын талаптарды көздемейді». Бірақ басқа өнім берушілер сотқа беру үшін бірнеше рет қолданылған холдингінің Сатып алуды басқару стандартының 27-бабы

8-тарауының нормалары ше? Елдегі ең ірі мұнай-газ компаниясы үшін екіұшты стандарттар қағидаты қандай нақты өлшемшарттарда әрекет етеді? Неге «Самұрық-Қазына» холдингі әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндік беруді және олардың арасындағы адал бәсекелестікті қамтамасыз етуді талап ететін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сатып алу-дың бастапқы қағидаттарына жіті қарамайды? Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаржы ресурстарын үнемді және тиімді жұмсау туралы айтудың қажеті бар ма?

Осындайда «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына, «Қазмұнайгаз» және «Самұрық-Қазына» басқарушыларына қойылатын заңды сұрақ туындайды: «Аймақ пен жалпы ел үшін бүгінгідей қиын жағдайда қызмет көрсету шығынын бірнеше есе ұлғайтуға не себеп болды?». Нәтижесінде осындай мәселеге Қаржы мониторингі агенттігі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комитет, прокуратура, Экономикалық тергеу департаменті сияқты құзыретті құрылымдар назар аудармайды? Осындай әрекеттер нәтижесінде бақылаушы орган, ұйымдастырушы немесе тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін кез келген мемлекеттік органға, сот жүйесіне, квазимемлекеттік компанияға деген сенім жай ғана көңілге нокат түсіріп қана қоймасы анық... Шымбайға батары осы.

Тағы бір маңызды жайт: 2021 жылғы 9 желтоқсандағы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Сатып алу-дың жүзеге асыру тәртібінің талабына сәйкес өткізілген тендерлер қорытындысы холдингінің веб-порталында жариялануы тиіс. Бірақ ондай ақпарат таппайсыз. Бұдан басқа негізгі активі «Ембімұнайгаз» болатын «Қазмұнайгаз» сайтында операциялық, өндірістік және әкімшілік шығыстардың ұлғаюын көрсететін қаржылық нәтиже туралы аралық есеп жарияланды. Ең қызығы, қор порталында мұндай қымбаттауды негіздейтін ешқандай хаттама немесе корпоративтік шешім жоқ. Бұл фактілер «Ембімұнайгаз» АҚ «лайықсыз» компаниялармен үнемі сот дауын жүргізіп, ал «лайықты» деген құжаттар пакетін тексермей-ақ, жеңілдіктер беретініне еріксіз дәлел ме, қалай? Сот процесі кәзірде қарқынды жүріп жатыр. Алайда мұндай істерді қарау қатыстылығы мен жол берілуі тұрғысынан тараптар ұсынатын дәлелдемелерге қатысты азаматтық-процессуалдық заңнаманың талабын дәл сақтаумен және қазіргі уақытта «Ембімұнайгаз» АҚ әрекетінен отбасылары зардап шегіп отырған жұмыскерлердің бұзылған құқығын ескере отырып жүргізілгенін қалаймыз.

Асқар СӨКЕНОВ

Сіз не дейсіз?

Редакциямызға түскен осы хатқа орай «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына хабарласып, пікірін сұраған едік. Бұл тараптың да жоғарыдағы айтылған сынға байланысты уәжі бар. Екі пікірді қатар ұсынып отырып, «Ембімұнайгаз» АҚ-дағы тендерге байланысты келісімшарттардың заңдылығына «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС да журналистік зерттеу жасайтынын хабарлаймыз.

Жатақханалар, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарын және оларға іргелес аумақты күтіп-ұстау және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтерге қатысты төмендегілерді хабарлаймыз: «Ембімұнайгаз» АҚ (Қоғам) мен «Амир-Холдинг Казахстан» ЖШС (Серіктестік) және «Elite-Story» ЖШС құрамындағы консорциум арасында 05.11.2021 ж. жасасқан №636423/2021/1 келісімшарттың мерзімі осы шарттың 1-қосымшасына сәйкес 31.12.2023 жылы аяқталды. Шарттың 16.2-тармағында айқындалған көрсеткішке қол жеткізген кезде, Қоғам шартты бір жыл мерзімге ұзарту жөніндегі келіссөзді бастауға мүмкіндігі бар деп көзделген («1+1» қағидаты бойынша). Шарттың бұл талабы Қоғамның құқығы болып табылады және шарттың қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі міндеттені көздемейді.

Шартты орындау практикасы серіктестіктің шарт бойынша қажетті қызметтердің барлық тізбесін өз күшімен көрсете алмайтынын көрсетеді, бұл (тоқыма бұйымдарын жуу; тұрмыстық техниканы жөндеу; әкімшілік ғимараттың лифтіне техникалық қызмет көрсету; ғимаратты жалпы сыртқы тазалау бойынша қызметтер; сұйық және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару; спутниктік теледидарға қызмет көрсететін спутниктік теледидар қызметтері үшін абоненттік төлем; жатақханалар мен әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарды жөндеу және жаңғырту) көптеген қызметтерді көрсетуге қосалқы мердігерлік ұйымдарды тартқанынан көрінеді.

Осыған байланысты, 2024 жылдан бастап қоғам сатып алу категориялық стратегиясының (СКС) периметріне кіретін қызметтерді бөлу және бәсекелестік негізде тиісті өнім берушілерді айқындау мақсатында қызметтің әрбір түрі бойынша жекелеген сатып алу рәсімін өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте, қоғам техникалық персонал қызметкерлері арасында әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мақсатында тендер жариялау кезінде шарт жобасында бұрын қоғам объектілерінде жұмыс істеген қызметкерлерді ең алдымен жұмысқа қабылдау талабын көздеген, бұл өңірдегі ықтимал әлеуметтік шиеленісті болдырмайды.

Қазіргі уақытта №924545 «Ембімұнайгаз» АҚ жатақханаларын, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарын және оларға іргелес

ТЕНДЕРДІҢ ӨТКІЗІЛУІ ТАЛАПҚА САЙ

аумақты күтіп-ұстау және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтер» сатып алу бойынша өткізілген ашық тендер нәтижесіне сәйкес «Мейірәлі» ЖШС жеңімпаз болып анықталды. Тиісінше, «Мейірәлі» ЖШС серіктестіктен кем емес мөлшерде жалақы ұсына отырып, өз өркімен жұмысқа орналасуға ниет білдірген (470 қызметкер) бұрын қоғамға қарасты нысандарда жұмыс істеген барлық қызметкерлерді жұмысқа қабылдады. Тиісті шарттар бұрын серіктестікпен 2021 жылы шарт жасасу кезінде де қолданылған. Серіктестік келісімшарт алғаннан кейін қоғамға қарасты нысандарда жұмыс істеген «Dos Support» ЖШС барлық қызметкерлерін жұмысқа қабылдады.

«Ембімұнайгаз» АҚ жатақханаларын, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарын және оларға іргелес аумақты күтіп-ұстау және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтер» сатып алу бойынша №924545 ашық тендер өткізу кезеңінде серіктестік қоғамға талап арыз берді және 28.11.2023 ж. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымына сәйкес жарияланған тендер бойынша одан әрі іс-әрекет жасауға тыйым салынды. Бұл жағдайда, тыныс-тіршілікті үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында қоғам «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің (тәртіп) 65-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес шарт пен бағаны өзгертпей, сол кездегі қолданыстағы шартты ұзарту туралы мәселені қарады, осыған байланысты серіктестіктің атына 25.12.2023 жылғы №109/8206 хат жолданды, оған жауап ретінде Серіктестік шарттың талабымен және бағасымен келіспейтіні туралы 26.12.2023 жылғы №569 хат жолдады.

Серіктестіктің келіспеуіне байланысты Қоғам күнделікті және апта сайынғы қажеттілікті сатып алуды, тендер жарияланған күннен бастап және тәртіптің 59-бабы 1-тармағы 10) тармақшасының негізінде тендер қорытындысы бойынша шарт жасасқанға дейін жүзеге асыруға мәжбүр болды.

Осыған байланысты, ең төмен баға ұсынысын жолдағанын ескере отырып, 01.01.2024 жылдан бастап тендер қорытындысы бойынша шарт жасасқанға дейінгі кезеңге серіктестікпен бір көзден сатып алу тәсілімен шарт жасалды.

Атырау облыстық сотының 20.02.2024 жылғы №2399-24-3-2ам/1 ұйғарымына сәйкес, №924545 тендер жаңартылып, қорытындысы шығарылды, оның нәтижесі бойынша «Мейірәлі» ЖШС жеңімпаз деп танылды, алайда серіктестіктің қайта жолдаған шағымы негізінде жеңімпазбен шарт жасасуға «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ тосқауыл қойды. «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ қоғам серіктестіктің аталмыш тендерге қаты-

сты талабының негізсіздігі туралы түсініктеме бергеннен кейін, 25.04.2024 жылы осы шектеулер алынып тасталды және 26.04.2024 жылы қоғам ашық тендер жеңімпазы «Мейірәлі» ЖШС-мен №924545/2024/1 шарт жасасты.

«Мейірәлі» ЖШС-нің біліктілік талабына сәйкессіздігіне қатысты төмендегілерді хабарлаймыз. Қоғамға қарасты жатақханаларды, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарды және оларға іргелес аумақты күтіп-ұстау қызметін көрсетуге ниет білдіруші ықтимал өнім жеткізушілерге қойылған басты талап – тиісті құжаттарды ұсына отырып, осы салада кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы. «Мейірәлі» ЖШС тендерлік өтінімде 2019-2023 жылдар аралығында осы салада жұмыс атқарғанын дәлелдейтін құжат ұсынды.

Шарт бойынша 1,6 млрд теңгеден астам бюджет қаражатының үнемделгеніне тоқталатын болсақ, ол шындыққа сәйкес келмейді, өйткені жоғарыда аталған үнемдеу кейбір қызмет көлемінің және шартта көзделген тауарлар санына қажеттіліктің азаюына байланысты қалыптасты. Лоттарға бөлінген қызметтерді сатып алудың жалпы сомасының өсуіне келетін болсақ, бұл сома персонал санының 614 адамнан 860 адамға дейін өсуінің, 722 адам жалақысының 100 мың теңгеден 160 мың теңгеге дейін өсуінің, сондай-ақ бір қызметкердің күнделікті үш мезгіл тамақтану бағасының 3478,58 теңгеден 7602,65 теңгеге дейін өсуі салдарынан көбейтілді. Хатта көрсетілген 10,7 млрд теңге – 2021 жылы бекітілген тариф бойынша жасасқан шарт сомасы.

Жоғарыда көрсетілген қызметті сатып алу үшін 2024 жылға көзделген сома 12 айға қаралды, Бірақ Серіктестіктің бірнеше шағымына байланысты шарт 26.05.2024 жылы жасалды. Тиісінше, «Мейірәлі» ЖШС-нің шығыны нақты көрсетілген қызметтерге сәйкес 2024 жылғы мамырдан бастап 31.12.2024 жылға дейін төленетін болады. Үстіміздегі жылдың қаңтарынан суіріне дейін көзделген сома қосымша келісім жасасу арқылы қысқартылады.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, 10.05.2024 жылы №2399-24-00-2а/269 іс бойынша Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы серіктестіктің шарттың қолданылу мерзімін ұзартуды талап ету туралы талап қоядан бас тарту туралы қаулы шығарғанын хабарлаймыз, онымен Сот кабинетінде танысуға болады.

С. АҚБЕРГЕН,
«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының
кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі
орынбасарының міндетін атқарушы

• ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметіне сәйкес, жыл сайын өрт қаупі жоғары кезеңде елімізде мыңға жуық орман мен дала өрттері мен төрт мыңға жуық табиғи жану оқиғалары тіркеледі. Мәселен, өткен жазда еліміз 116 мың гектардан астам орманнан айырылып, шығын 163 млрд теңгеден асты.

ОРМАН ӨРТІ: ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛҒАН ЖӨН



Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның мәліметі бойынша, биыл өрттің қауіпті кезеңі былтырғыдан да «ыстық» болады деп күтілуде. «Қазгидрометтің» болжамы да көңілге алаң салып отыр. Себебі былтыр жаз мезгіліндегі орташа температура 19-23 градус болса, биыл 40 градусқа дейін және одан жоғары болады деп күтілуде.

Статистикаға көз жүгіртер болсақ, 2018-2023 жылдары орман өрттерінің саны 358-ден 810-ға дейін өскен. Орман кодексіне сәйкес, өрттің алдын алу және оларды сөндіру Экология министрлігі мен әкімдіктердің құзыретіне кіреді, бұл үшін олардың өз бөлімшелері бар.

Мамыр айында өрт қаупіне дайындық мәселесі бойынша Үкіметтің отырысы өткені белгілі. Осы жиында Төтенше жағдайлар министрлігі өрт қаупі туындаған кезеңде халықтың және ел аумағының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылданып жатқанын алға тартты. Атап айтқанда, біріншіден, әр өңірде ірі өрттермен күресу үшін күштер мен құралдар топтамасы дайындалды. Оның жалпы саны республика бойынша шамамен 50 мың адамды және 10 мыңнан астам техниканы құрайды. Сондай-ақ «Қазавиақұтқару» авиациясының 19 борты тұрақты дайындық режимінде тұр, оның 9-ы су төгетін құрылғылармен жабдықталған. Бұдан бөлек, аэровизуалды барлау үшін 120 дрон бар. Министрліктің келісімі бойынша әкімдіктер Табиғи өрттерді болдырмау жөніндегі жоспарларды бекіткен.

Екіншіден, табиғи өрттерге ден қою алгоритмін практикалық тұрғыдан пысықтау үшін өткен жылдың күзінде «Орман-дала 2023» оқу-жаттығуы, «Семей орманы» резерватында Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу болды. Сонымен қатар, барлық өңірлерде орман шаруашылығы мекемелерінің атсалысуымен 53 өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді. Бұдан бөлек, министрліктің оқу орталықтарында орман күзетінің 1 300 жұмысшысы оқудан өтті. Өрт қауіптілігі жоғары кезеңде министрлік күшімен орманшылықтарда механикаландырылған күзет ұйымдастырылатын болады.

Үшіншіден, өңірлерде профилактикалық іс-шаралар жалғасуда. Орманды дала алаптары мен демалыс орындарында мобилді топтардың анықтауымен өрт қағидаларын бұзғаны үшін 630 адамға айыппұл салынды.

Төтенше жағдайлар вице-министрі Бауыржан Сыздықов Үкімет сағатында сөйлеген сөзінде орман өрттерінің алдын алудың негізгі әдісінің бірі – оның таралуын шектеу, яғни өрт қауіпті кезең басталғанға дейін минералданған жолақтарды алдын ала салу қажеттігін айтты. «Әдетте, бұл жұмыс топырақтың көктемгі ылғалдылығын сылтауратып, өте кеш жүргізіледі. Мәселен, 2023

жылғы 11 маусымда «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты аумағында ірі өрт басталған кезде 180 шақырым минералданған жолақ салу жоспарланған, алайда бұл жұмыс мүлдем орындалмаған. «Ертіс орманында» жоспарланған 570 шақырымның тек 45 шақырымы ғана салынған», – дейді Бауыржан Мәдіұлы.

Оның айтуынша, Экология министрлігі өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту жұмысын жандандыруы қажет. Былтырғы өрттің қауіпті кезеңінде Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметкерлері 1 210 адамды әкімшілік жауапкершілікке тартты. Ал ормандардағы өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган небәрі 56 әкімшілік шара қолданған. Бұл әкімшілік материалдардың жалпы санының екі пайызын ғана құрайды.

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның мәліметі бойынша, биыл өрттің қауіпті кезеңі былтырғыдан да «ыстық» болады деп күтілуде. «Қазгидрометтің» болжамы да көңілге алаң салып отыр. Себебі былтыр жаз мезгіліндегі орташа температура 19-23 градус болса, биыл 40 градусқа дейін және одан жоғары болады деп күтілуде. Былтыр тек 5-28 шілде аралығында температура кейбір күндері 44 градусқа дейін жетіп, 300-ден астам өрттің шығуына түрткі болып, оның көпшілігі «Семей орманы» және «Ертіс орманы» аумағында орын алғанын көпшілік ұмыта қойған жоқ. Сондықтан табиғи өрттердің шығу және таралу мүмкіндігінің артуына байланысты минералды жолақтарды жаңартуды алдын ала қарастыру және орман алқаптарын белсенді түрде патрульдеу қажет.

Экология министрлігінің деректері бойынша, 2023 жылғы өрт қаупі жоғары кезеңде мемлекеттік орман қорын авиатрульдеп ұшу нормадан біршама төмен болды. Егер норма 9 мың сағат болса, ол іс жүзінде 5 760 сағатты ғана құрады. Бұл орман өртінің және оның қамтыған аумағы мен материалдық шығынның жыл сайын өсуіне қарамастан орын алып отыр. Яғни, нормада көзделген нәрсе қолданылмаған соң, қандай тиімді алдын алу жұмысы мен уақытылы сөндіру туралы айтуға болады?

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚЫЗМЕТІ КӨМЕК БЕРУГЕ ӘЗІР

Төтенше жағдайлар министрлігі 2024 жылдың бес айында республика аумағында орын алған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы шолу ақпаратын жариялады. Оған қарағанда, халықтан «112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік пультіне 2 280 631 қоңырау келіп түскен. Соның нәтижесінде өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері және республикалық жедел құтқару жасағы 7 830 адамды құтқарды. Сондай-ақ 57 305 адамды эвакуациялап, зардап шеккен 95 адамға алғашқы медициналық көмек көрсетті.

Өрт сөндірушілер 28 182 рет дабыл бойынша оқиға орнына барды. Оның 9 502-сі өрт ретінде есепке алынбайтын жану, 8 845-і авариялық-құтқару жұмыстары, 4 112-сі өрт, 1 514-і расталмаған жану фактілері, 58-і жалған шақырту және 4 151-і өзге де жағдайлар бойынша жасалды. Ал Апаттар медицинасы орталығы мамандары 3 424 рет оқиға орнына барып, 2 390 зардап шегушіге медициналық көмек көрсетіп, 936 адамды құтқарып, 818 адамды эвакуациялады. Оның ішінде трассалық медициналық-құтқару пункттеріне 597 рет шығып, 455 адамды эвакуациялап, 814 зардап шегушіге медициналық көмек көрсетті. «Қазавиақұтқару» техникалары болса, іздеу-құтқару жұмыстарына, өрт сөндіруге, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша 807 рет әуеге көтерілді. Оның

тыс тексеру жүргізілді. 12 491 заңбұзушылық анықталып, 92 нысанның жұмысы тоқтатылып, 32 013 мың теңге сомасында 78 әкімшілік айыппұл салынды.

Азаматтық қорғаныс желісі бойынша 126 профилактикалық бақылау және бұрын берілген нұсқамалардың орындалуы бойынша 49 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Соның нәтижесінде 596 бұзушылық анықталып, 12 бақылау субъектісі бұрын анықталған бұзушылықтарды жойды, 37 заңды тұлғаға қатысты әкімшілік бұзушылықтың туралы материалдар жасалып, 15 967 мың теңге айыппұл салынды.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен оқиғалар саны азайды. Биыл, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда,

ызы техногендік сипатта. Олардың 88,5 пайызы – тұрмыстық өрттер. Өрт 4157-ден 3 692-ге, зардап шегушілер 298-ден 295-ке, қайтыс болғандар 171-ден 158-ге және материалдық шығын 1783,7 млн теңгеден 1633,9 млн теңгеге азайды.

Өрт саны көп орын алған өңірлер арасында Павлодар, Қостанай, Жетісу, Қызылорда облыстары көш бастап тұр. Өрт туындайтын нысандардың басым бөлігі тұрғын үй қоры (60,2%) мен көлік құралдары (23,1%) болып отыр. Одан кейінгі орындарда – сауда кәсіпорындары (4,1%), ашық аумақтар (2,9%), өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар (1,8%), әкімшілік-қоғамдық ғимараттар (1,7%), қойма ғимараттары (1,1%) және салынып жатқан нысандар мен құрылыс алаңдары (1,1%).

Өрттің негізгі шығу себептері: электр жабдықтарын монтаждау және техникалық пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын (ӨҚТ) бұзу – 50,7%, пештерді орнату және пайдалану кезінде ӨҚТ бұзу – 19,8%, отты абайсыз қолдану – 12,3%, анықталған әдейі өртеу – 4,6%, тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезінде ӨҚТ бұзу – 3,9%, басқалары – 3,5%.

Төтенше жағдайлардың 5,9 пайызы табиғи сипатта. Биыл мұндай оқиға 345-



Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен оқиғалар саны азайды. Биыл, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен оқиғалар саны 5059-дан 4433-ке кеміген. Материалдық шығын 2404 млн теңгеден 1799 млн теңгеге дейін төмендеді. Ал зардап шегушілер саны 586-дан 635-ке өскенімен, қайтыс болғандар саны 234-тен 233-ке азайған.

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен оқиғалар саны 5059-дан 4433-ке кеміген. Материалдық шығын 2404 млн теңгеден 1799 млн теңгеге дейін төмендеді. Ал зардап шегушілер саны 586-дан 635-ке өскенімен, қайтыс болғандар саны 234-тен 233-ке азайған.

Төтенше жағдайлардың 94,1 пай-

тен 260-ге, зардап шегушілер 153-тен 138-ге, қайтыс болғандар 27-ден 26-ға азайды. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың басым бөлігі гидрометеорологиялық және геологиялық құбылыстарға тиесілі. Биыл оның саны 99-дан 130-ға өсіп, қайтыс болғандар екеуден төрт адамға ұлғайды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

• СҰХБАТ

Әлемде сан мың сала бар. Сәйкесінше, сонша ақпарат ағыны медиакеңістікте ағып жатыр. Осы тұста билік пен халық арасындағы алтын көпір – журналист. Десе де, әр саланың қуыс-кеңдігін айыратын ақпарат маманы некен-саяқ. Бұл үлкен тәжірибе мен уақытты талап ететін процесс. Оның үстіне қазіргі заман талабы нақтылықпен бірге жылдамдықты талап етеді. Бұл жерде салалық журналистика жайлы айтпай кетпеске болмас. Бұл тақырып жайлы ардагер журналист Гүлнәр МАҒЗҰМОВА бізбен өз ойын бөлісті.

САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА САПАНЫ КӨТЕРЕДІ

САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА САПАНЫ АРТТЫРАДЫ

Біздің елімізде салалық журналистер даярлау – өзекті мәселе. Салалық журналистиканың басымдықтары – журналист бір саланы бүге-шігесіне дейін зерттеп, сол салаға әбден маманданады. Салалық журналистер даярлау шетелдерде бұрыннан бар, біз қит етсе шетелдің тәжірибесін көшіріп ала қоямыз. Ал осы журналистикаға келгенде ешкім құлық танытпайды. Салалық журналистиканың басымдығы біздегі журналистиканың сапасын арттырады. Әрине, журналист жан-жақты болу керек. Бірақ бір журналистің бүкіл саланы жетік білуі мүмкін емес. Мысалы, мәдениет саласына маманданған журналист ауыл шаруашылығының проблемасын

жетесіне жеткізіп жаза алмауы мүмкін. Салалық журналистика дамыса, БАҚ басшылары штат көбейтуге мәжбүр болады, ол дегеніңіз – қаражат. Мүмкін содан да тартынатын шығар.

ПО МЕДИАОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖУРНАЛИСІ ЗАҢГЕР БОЛУЫ КЕРЕК

Ішкі істер органы – еліміздегі өзіндік ерекшелігі мол сала. Ішкі істер органына да осы саланы жақсы меңгерген журналистер ауадай қажет. Өйткені сала туралы жазғанда қателікке ұрынбау – басты міндет. Бұл саланың журналисі ең алдымен заңгер болу керек. Бұл салада болжамды нәрсе жазуға мүлде болмайды. Сондықтан журналист нақты және шынайы болған нәрсеге заң



тұрғысынан баға бере алатын білімді болуы тиіс.

ЖУРНАЛИСТ МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ ЖОЛЫН АЙТА БІЛУ КЕРЕК

Әмбебап журналистердің ең басты қателігі – жазып отырған тақырыбын толық аша алмайды. Әр саланың өзінің қиындығы, шешілуі қиын проблемасы болады. Журналист, менінше, халыққа сол мәселені шешудің жолын айта білуі керек. Ал ол үшін сол салаға қатысты білімі болуы тиіс. Дегенмен де қазір журналистика факультеттері салаға бөліп оқытпағанмен де, іс жүзінде өздері бір салаға маманданған журналистер көбейіп келеді.

Өз тәжірибемнен айтсам, мен ұзақ жылдар ішкі істер саласында еңбек етіп келемін. Ішкі істер органының өзі де әр салаға бөлінеді. Мысалы, учаскелік

инспектор мен түрменің ішінде қызмет атқаратын мамандардың жұмысы салыстыруға келмейді. Тіптен осы саланың біріне икемделген журналистер өзі еңбек ететін сала туралы жазғанда оқырманға тұщымды мақала ұсына алады.

ЖАСТАР ИКЕМДІ

Қазір сараптама мақала жазатын журналистер аз. Дегенмен қазіргі жастарды салаға бөліп оқытса – мықты маман болып қалыптасары анық. Өйткені олар журналистика саласындағы заманауи техниканы, әдістерді меңгеруге қабілетті. Тіл үйренуге де икемді. Қазіргі журналистер даярлайтын оқу орындары да біздің кезіміздегі әдістермен салыстырғанда неғұрлым озық тәсілдермен оқытады деп ойлаймын.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

2. «TANDEM STORES» ЖШС, БСН 130940003518, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Сүйінбай даңғылы, 89Б үй, тел. +77015558882.

3. «Болат Жол» ЖШС, БСН 100640015476, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 67Б, 3 қабат, 18 кабинет, тел. 87022300160.

4. «Baby clinic Kz» ЖШС, БСН 220840034682, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, «Астана» шағынауданы, 2 үй,16 пәтер. Тел. 87089515960.

5. «Жақсылық Х М» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 200240010461, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 9 үй, 12 пәтер, пошта индексі 160800.

6. «Метачейн» ЖШС, БСН 220740012093 (ҚР, 031102, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дон ауылдық округі, Оңғар ауылы, Бұлақ көшесі, 16 ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 28В үй, 607 кенсе. Тел. 87473974747, 87788401888, e-mail: aibek.kambaliyev@tks.law, rashid.kair@tks.law.

7. «Зеренді» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 141240017517) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 021200, ҚР, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді а/о, Зеренді ауылы, Победа көшесі, 8 үй.

8. «КВЕ-TRAVEL» ЖШС, БСН 181040000374, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 127/1 үй. Тел. 87051808387.

9. «Phoenix Agro Kazakhstan («Феникс Агро Казахстан»)) ЖШС, БСН 190240006598, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050020, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 109/1 үй. Тел. 87272715030.

10. «БҮРКІТ» Шығыс Алтай бүркітшілер федерациясы» қоғамдық

бірлестігі, БСН 170340013957, 2017 жылы құрылған «Шығыс Алтай бүркітшілер федерациясын» федерация мүшелерінің шешімімен өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Ұржар ауданы, Көкезек ауылы, Абай көшесі, 109 үй. Тел. 87021394509.

11. «Есіл» колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 161040004482, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Жақып Омаров көшесі, 10А үй, тел. 87752814818.

12. «Жамбыл облыстық медициналық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 190440001089, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шу қаласы, Сәду Шәкіров көшесі, 24 үй, тел. 87752814818.

13. «Батыс Қазақстан көпсалалы колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 181240026593, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Орал қаласы, Фрунзе көшесі, 127А үй, тел. 87752814818.

14. «Элит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 990740006533, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Өскемен қаласы, Е.П. Славский атындағы жағалау көшесі, 64 үй, 149 пәтер (кеңсе), тел. 87752814818.

МҰРАҒЕРЛЕР

15. 28.10.2023 ж. қайтыс болған Даримбетов Ихлас Балташұлының атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраға құқық туралы куәлік алу үшін нотариус А.С.Жанакулованың кеңсесіне келуін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36 үй, 35 пәтер. Тел. 87052700001.

16. 2024 жылы 05 қаңтарда қайтыс болған азамат Нурмухашов Амангелды Бағитжановичтің, 09.11.1972 ж.т., атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.М. Алмжановқа хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 115, тел. 87756160690.

ӨРТҮРІШ

17. «Ломбард «Золотой век» ЖШС (БСН 170940021959) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ломбардтың қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағамбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5377 дана
Апталық таралым 10 754 дана

Тапсырыс №94 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

"Қазпочта" арқылы газетке жазылу нұсқаулығы

1"Қазпочта" мобильді қосымшасын жүктеу

2"Басылымдарға жазылу" бөліміне өтіңіз

3"Заң газетін" тауып, таңдау

4Қажетті мерзімді таңдау

5Төлем жасау

Ең алдымен Google Play/AppStore арқылы "Қазпоштаның" ресми қосымшасын жүктеп алыңыз

Бұл батырма басты бетте "жаңа" ерекшелік белгісімен көрсетілген

Егер тізімнен табу қиындық тудырса, жоғарыдағы іздеу формасы арқылы іздеп көріңіз

Газетке қанша айға жазылыңыз келетінін белгілеп, "Сізетке қосу" батырмасын басыңыз. Келесі бетте тапсырысыңызды растаңыз

Ыңғайлы төлем әдісін тандап, төлем жасаңыз

Байланыс нөмері

1499



жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, құрылыс 80, пошта индексі 020100.

18. «New Ломбард» ЖШС, БСН 201040036252, заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа мекенжайы: Түркістан облысы, Келес ауданы, Қошқарата ауылдық округі, Шынар ауылы, Егемендік көшесі, құрылыс 1Б.

19. «ASIA TECH LOGISTICS» ЖШС «Ағаш құрамы бар такталардан, ламинатталған ағаш - жоңқа тақтайшаларынан бұйымдар өндіру цехын салу және пайдалану және сүректі қайта өңдеу» ЖЖ «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар өткізеді.
Талқылаулар 09.07.2024 ж. бастап 5 жұмыс күні өтеді.
Үйлестіруге жауапты – «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ. Жобамен мына жерде танысуға болады: <https://ecoportal.kz/>.
Тапсырыс беруші: «ASIA TECH LOGISTICS» ЖШС.
Әзірлеуші: «Елкен» ЖШС, тел. 87028353262, info@elken.kz.

Жамбыл облысының судьялар қауымдастығы мен ардагерлері Жамбыл облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің бас маманы Узебова Айгүл Аманқұлқызының ұлы **Текебай Бексұлтан Кенжебайұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

• КӨКЖИЕК



Роза ЖОТАБАЕВА, «Сөз маржан» үйірмесінің жетекшісі:

«БАЛАНЫҢ ҚАБІЛЕТІН
АША БІЛУ – БАҚЫТ»

Роза Жотабаева, 41 жылдан бері ұстаз. Ұзақ жылдар бойы Алматы қаласының білім жетілдіру институтында музыка-эстетика, тәрбие саласында әдіскер оқытушы және білім басқармасының жанынан ашылған «Балалық шақ» педагогикасы орталығының жетекшісі болып қызмет етті. 2010 жылы №3 Оқушылар үйінен «Сөз маржан» үйірмесін ашты. Аталған үйірменің негізін қалаған Р.Жотабаева – «Ы.Алтынсарин», «Дарынды ұстаз», «Үздік ұстаз», «Ұстаз мерейі», «Мәртебелі ұстаз» төсбелгілерінің иегері. Оның айтуынша, дарынсыз, қабілетсіз, білімсіз бала болмайды.

– Роза Қасымқызы, шешендік өнер мектебі, өзіңіз жетекшілік ететін үйірменің мақсаты мен маңызы жайлы айтып өтсеңіз?

– Адам өзінің қабілеті мен мүмкіндігін тани білгенде ғана өмірлік мақсатын айқындай алады. Мәселен, баланың бәрі бірдей, оларды дарынды немесе дарынсыз деп бөліп-жаруға болмайды. Шығармашылық қабілеттерді дамытып, бағыт-бағдар беруде қосымша білім беру мекемелеріндегі Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталықтарының қосып жатқан үлесі зор. Мысалы, мектепте бала негізгі стандартты білімін алса, бізге келіп сол сабақта түсінбеген тақырыптарын тереңдетіп оқиды. Орталықта баланың тұлғалық қалыптасуы мен жан-жақты дамуына кереметтей мүмкіндіктер қарастырылған, білікті, арнайы дайындықтан өткен тәжірибелі мамандар дәріс береді.

Арнайы химия, физика саласынан ғылыми-зерттеу орталықтары, компьютер, робототехника, бейнелеу өнері, сазбалшықтан мүсін жасау, ботаникалық бау-бақша, көгалдандыру жұмыстары, колонер, тігін, шеберлік

үйірмелері, спорттың барлық түрлері, сонымен бірге көркем-эстетикалық бөлімдерінде өнерге жан-жақты баулуға кеңінен жағдай жасалған. Зор талап қоя білетін Инновациялық орталықтың директоры Айнұр Дауылбаева, директордың оқу-тәрбие ісінің орынбасарлары Заура Әскербекқызы мен Мұратжан Шомбаловтың жас мамандарға берер тәлімдері мен бағыт-бағдарлары жетерлік. Қарап отырсақ, елімізде талантты жасөспірімдер көп. Олардың талаптарын шындап, өнерлерін өркендету мұғалімдердің басты міндеті саналады.

Шешендік өнер мектебіндегі «Сөз маржан» үйірмесінің ашылғанына биыл 14 жыл толады. Бұған дейін Бостандық ауданының №3 Оқушылар үйінде жұмыс істедім, соңғы бір жылдан бері Наурызбай ауданындағы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығындамын. Бір жылдың ішінде жүзден астам оқушы қазақ тілінде таза, көркем және сауатты сөйлеуге, өз ойларын жинақтап, ашық айтуға үйренді. Адамның өзіне деген сенімділігі – ең басты құндылықтың бірі, сондықтан баланың өзіне деген сенімділігін оятуға

мән беремін. Ойткені шешендік өнерді игерген адам кез келген салада өзін көрсете алады және көпшілік алдында өзін батыл ұстайды.

Қазір есіме алсам, алғаш үйірмені бес оқушымен бастадым. Содан бері қаншама балапанның қанаты қатаюына үлес қостым. Олардың еліміздің атын шығаратын, халықтың баласы боларына сенемін. «Сөз маржан» Алматы қаласындағы шешендік өнері мектептерінің ішінде сөз өнеріне жан-жақты баулитын жалғыз үйірме десем де болады. Олай дейтінім, балалар үйірмеде актерлік шеберлікке, көркем сөзге, журналистикаға, сахна тіліне, шешендік және қарасөздерді жатқа мәнерімен оқуға машықтанады. Сонымен бірге дауыстарын баптаймын. Мұндай тәсілдер өз кезегінде оқушының дарыны ашылып, жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Оқу үлгерімдері нашар балалардың өздері үйірмеге қатысу арқылы үздіктер қатарына қосылуға.

– Қазіргі балалардың сөз өнеріне

көзқарасы да өзгеше. Ол – республикалық, халықаралық көркемсөз өнері байқауларының бас жүлдегері. Өзі орыс мектебінде оқыса да, туған тілге деген құрметі ерекше! Астанада өткен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты республикалық байқауда бағдарламалық мақаласын жазып «Қазақстан дарыны» аталымы бойынша бірінші орынды жеңіп алды. Биыл 9-сыныпты қызыл аттестатпен бітірді, Қазақтың мемлекеттік сәулет-құрылыс колледжінің киім дизайнері бөліміне оқуға түспекші. Алайда біздің орталықтағы оқуын да ары қарай жалғастыра береді.

Аида Советбек – №145 мектептің 11-сынып оқушысы, ҰБТ-дан 124 балл алды. Аида алғаш келгенде томаға-тұйық болатын. Үйірмеде жүріп, бірталай биік белесті бағындырды, мұғалімдері оның талантын мойындап, мектепте президент сайлады. Баланың қабілетін дер кезінде аша білу үлкен бақыт екен. Адиса және Камила Есенбаеваларды алты жасынан өзін оқытып, сахнаға баулып жүрмін. Демеушілер тауып, үлкен байқауларға алып шықтым, керемет дарынды қыздар. Болашақта ең биік шыңдарды бағындырып, Қазақстанды танымал ететіндеріне кәміл сенімдімін. Аналары Алмагүл денсаулығына қарамай, қыздарына барлық жағдайды жасауда. Өте еңбекқор, талапшыл, сынды қабылдай білетін керемет балалар өсіп келеді.

Үйірмеге келіп, дамып кеткен бес-алты инклюзия оқушымы бар. Олармен жеке дайындалу нәтижесінде қатарластарын қуып жетті. Әр бала өзінше рухани өсіп, топ жарып келуде. Шешендік өнер – қасиетті, қазақтың жан-жүрегі. Ұлылардың рухы қолдайды ма, келген балалардың дарыны жарқырап ашылуға.

– Ата-аналар балаларының не үйірініп жатқанын, өнерлерін зерделеп, қолдап отыра ма, жалпы, үйірмеге келіп тұра ма?

– «Сөз маржан» үйірмесінде ата-анамен жұмыс жақсы жолға қойылған. Жыл басынан бастап жүйелі түрде «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» мақал-мәтелдер ойын сайысы әр тоқсанның демалыс уақытында белгілі тақырыпта өтеді. Ата-аналары көрермен ретінде келгенімен, ойларын айтып, өздері де өнерлерін ортаға салады. Балаларды бейнетаспаға түсіріп, белсенділік танытады. Балалардың бақытты сәтін көрудің өзі бір бақыт. Жыл аяғында әр бала жүз мақалға дейін жатқа біліп шығады.

Биыл алғаш рет орталықта халықаралық Аналар мерекесі аталып өтті. Бұл шараны «дөңгелек үстел» түрінде ұйымдастырдық. Барлық ата-ана қатысып, балаларының өнерлерін тамашалады, сонымен қатар әрқайсысы ұл-қызымен сырласу сәтін жасады. Кеш соңында көп балалы ана Мариям Кетебаева домбырамен жыр-термелер орындады. Сондай-ақ ата-аналармен бірге Ә.Қастеев атындағы мұражайға, М.Горький саябағындағы хайуанаттар бағына, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрына, циркке, «Әлем» паркіне, «Көктөбе»

мәдени орталығына, «Алатау» театрына барамыз.

Бұл үшін тегін билеттермен қамтамасыз етіп, демеушілік жасауға атсалысқан ұйымдастырушы-оқытушымыз Әсел Өмірзаққызына алғысымыз шексіз. Ата-ана мен баланың мәдени демалыстарын бірге өткізу арқылы отбасыларды ынтымақ пен бірлікке, бауырмалдық пен достыққа тәрбиелеу мақсатын көздейміз. Себебі ұл-қызының сабағы мен жетістіктеріне көңіл бөлмейтін замандастарымыз жоқ емес, бар. Соларға тәрбие басы тал бесіктен басталатынын, баланың болашағына мектеппен бірге отбасының жауапты екенін ұғындырудың маңызы зор. Бүгінде ата-аналар бізге тек қана алғыстарын айтады.

– Үйірмеге қанша бала қабылдайсыз, арнайы жүктеме бар ма?

– Жүктеме жоспары бойынша 90 бала қабылдану керек. Бірақ мен келген баланың бетін қайтармаймын. Баланың қандай да бір ерекшелігіне, ұлтына, тіліне қарамаймын, мейлі ол инклюзив топта болсын, үйретуге, қабілетін ашуға тырысамын. Дарынды-дарынсыз деп бөліп-жаруға, тандауға жол бермеймін. Ата-аналары алып келеді, мейлінше сол баланың шешендік өнерге, сахнаға қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс істеймін.

Ұстаздық жолда көзім жеткені, дарынсыз бала, қабілетсіз бала, білімсіз бала жоқ. Оның сондай болуына мұғалімдердің өздері әсер етеді екен. Ойткені баланың қабілетін тани білсе, мақтап отырып жетелесе, тұқ білмейді деген баланың өзі жұлдыздай жарқырап шығады. Осындай жайттарға куә болып, кейде өзін таң қаламын. Сыныптан-сыныпқа қалып кеткен, оқу үлгерімі өте нашар балалардың өзі сабақты жақсы оқып, мектепті беске бітіруде. Қаншама балам мектебінің ғана емес, қаланың атын шығарып жүр.

Өртүрлі сыныптың, әр ұлттың балалары келеді үйірмеге. Солардың бәрі қатарының алды болуда. Оларға қарап, мектепте мұғалімдердің жанын кинап, баланың қабілетін, неге бейім екенін зерттеу жұмыстарына мән бермейтініне толық көзім жетуде. Халқымыз «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасан, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ» дегенді бекер айтпаған. Мұғалімдер мен ата-аналар бабаларымыздың осынау тамаша қағидатына баса мән беріп, әрбір балаға жеке тұлға ретінде қараса, мықты ұрпақтың өсіп-өнуіне жол ашамыз.

Мен оқушыларыммен мақтанамын. Әрқайсысына сәтті қадам, жарқын болашақ тілеймін. Олардың Қазақстанның көркеюіне қосар үлесі зор екеніне ұстаздық көреген көзіммен сенімдімін. Ұрпақ тәрбиесі – елдің тәрбиесі. Келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

– Әңгімеңізге үлкен рақмет.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

• ӘДЕБИЕТ

Қазіргі таңда адамдар санасында «ешкім кітап оқымайды» деген қасаң түсінік қалыптасқан. Алайда мұның шындыққа жанаспайтынына соңғы онжылдықта қазақ тіліндегі кітаптарға сұраныс артқаны дәлел. Оның үстіне, статистикалық мәліметтер отандық баспа өндірісінен жарық көрген кітаптардың 70 пайызға жуығы мемлекеттік тілде екенін және ТМД елдері арасында кітап шығару ісіне қолдау көрсетуден Қазақстанның оқ бойы озық тұрғанын да растайды.

Ақпарат көздеріне сүйенсек, тәуелсіз мемлекетімізде алғашқы кездері 12 баспа жұмысын бастаса, бүгінгі таңда бұл көрсеткіш 300-ге жуықтаған. Мысалы, былтыр бір ғана «Абай» баспасынан әр кезеңнің классик қаламгерлерінің 24 кітабы оқырмандарға жол тартты. Мұның өзі мемлекет пен әдебиет жанашырлары барда төл әдебиетіміз тың дүниелермен толығып, ұлтымыздың әдеби қоры молая беретінін көрсетеді.

Біздің бұл тақырыпты қозғауымызға танымал жазушы-журналист Төлен Қауынбайұлының «Райымбек батыр» атты кітабының үш тілде жарық көруі түрткі болып отыр. Бізді жазушы қызының кітапты ағылшынша сөйлетеуі, ұлының демеушілік жасап, қазақ оқырмандарымен қоса әлем халқына ұсынуы сүйсінтті. Яғни, халқымыз үшін баға жетпес туынды дүние жүзіне тек Райымбектей хас батырды ғана емес, сол арқылы қазақты да танытарға хақ.

Бұл ретте ұлы Дәурен: «Райымбек батыр»



кітабы – әкемнің ұзақ жылдар бойғы мұрағаттық және кітапханалық зерттеулерінің нәтижесі. Бұрын жарық көрген туындысын заманға сай өңдеп, орыс және ағылшын тілдеріне аудардық. Осылайша әлемнің батыр бабамызды таңуына мұрындық боламыз деген үміттеміз», – десе, қызы Елдана: «Әкем журналист-жазушы ретінде бүкіл Қазақстанды аралады. Еліміздің түкпір-түкпірінде тұратын қариялармен әңгімелесіп, шежірелерді қағаз бетіне түсірді. 1970-ші жылдары Жалайырдың, 80-ші жылдары Албанның шежіресін жинақтады. Нұрбапа Өмірзақов, Шоқан Уәлиханов, Мұқағали Мақатаев, Райымбек батыр сияқты

тұлғалар туралы ғылыми зерттеулер жазып, оқырманға ұсынды. Америкада жүріп байқағаным, кітапханаларда қазақтың тарихынан, батыр балаларымыздың өмірінен сыр шертегін кітап жоқтың қасы. Сондықтан әкемнің туындысын ағылшын тіліне аударып, әлемдік оқырманмен қауышуына себеп болғым келді», – дейді. Балаларының бұл сөзі Төлен ағаның мықты жазушы ғана емес, тәлімді әке болғанын да айғақтайды.

Жазушы туындыларының басым көпшілігі тарихи тұлғалар өмірінен сыр шертеді. «Райымбек батыр», «Қабан жырау», «Батыр баба Әлмерек», сондай-ақ Шоқан Уәлиханов, Мұқағали Мақатаев және басқа мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі жайлы шығармалары бес томдық жинақ болып шықты.

Төлен ағамен Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл» газетінде бірге жұмыс істедік. Сырт көзге сұсты көрінгенімен, мейірімді кісі болатын. Ол уақытта бүгінгідей компьютер жоқ, журналист аға-апаларымыз бізге айтып тұрып жазғызатын немесе дайын қолжазбаларын тергізетін. Қазақ әде-

біетіне өзінің халықшылдығымен зор үлес қосқан жазушы ұрпағының басқа сала мамандары болса да, қазақтылығы мен әдебиетке жанашырлығы кімді де болса риза етері сөзсіз. Төлен Қауынбайұлы көзі тірісінде Жамбыл атындағы халықаралық, Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлықты алып, «Құрмет» орденімен марапатталды. Ол – «Жазира», «Шұғыла», «Тұлға», «Ашылмаған аралдар», «Маруся асуы» сынды көптеген роман, повестердің авторы.

Төлен Қауынбайұлының өзге қаламгерлерден ерекшелігін жазушы, сатирик Бейбіт Сарыбай: «Төлен Қауынбаев дереккөздерді ауыл-ауылды аралап, ақсақалдардан жазып алып, соның бәрін ғылыми айналымға енгізді. 2004 жылы жарияланған Алматы облысының энциклопедиясындағы көптеген мәлімет – Төлен Қауынбаевтың жаяу жүріп жинаған деректері. Сондықтан оны Жетісу аймағының тарихын хатқа түсіргендердің бірегейі деуге негіз бар», – деп жеткізді «Райымбек батыр» кітабының тұсаукесерінде.

Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

